

#ӘділеттіҚазақстан

Біз ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстанды құрып жатырмыз. Ауқымды саяси өзгерістерді ашықтық, әділдік және өзара сенім арқылы жүзеге асыру аса маңызды.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МҰРАТ ӘУЕЗ – 80



«ӨТКІРДІҢ ЖҮЗІ»

7

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ШАҒАР БАСШЫСЫ АЛАТАУ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Алатау ауданының тұрғындарымен кездесуі 19 қаңтар күні, сағат 9.00-де «Ботакөз» шағынауданы, 2 мекенжайындағы №209 жалпы білім беретін мектепте өтеді.

Кездесуді онлайн-режимде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасынан және Алатау әкімдігінің Facebook парақшасынан көруге болады.

Коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында кездесу барысында бетперде режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтау ұсынылады.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ



«BAIQA, PIRAMIDA!»

9

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

14.01.2023

Түнде:



-21-23 °C
Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-11-13 °C
Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

15.01.2023

Түнде:



-20-22 °C
Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-10-12 °C
Аздаған бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ




Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №5 (6298) 14 қаңтар, сенбі, 2023 жыл.

ТҰЛҒАТАНУ

ҰЛЫ ТҰЛҒА ҰЛАҒАТЫ

Алматыда Дінмұхамед Қонаевтың 111 жылдығы аталып өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Кеше мегаполисте мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, дипломат, академик Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Сондай-ақ, Д.А.Қонаевтың мемориалды пәтер-музейіне экскурсия ұйымдастырылды. Зиялы қауым өкілдері мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірі мен мемлекеттік қызметі, оның еліміздің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми әлеуетін дамытуға қосқан үлесі, кейбір саяси және құқықтық көзқарастары, саяси таланты туралы естеліктерімен бөлісті.

7

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

САРЫ АЯЗДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Қаланың коммуналдық қызметтері аяз кезінде күшейтілген режимде жұмыс істейтін болады



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Аязды кезеңде тұтынушыларды тұрақты және үздіксіз электрмен, жылумен, сумен және газбен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін Алматы қаласының энергетика және коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары жоғары дайындық режиміне ауыстырылды. Мәселен, штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде шұғыл шара қолдану үшін 13-17 қаңтар аралығында жауапты тұлғалардың, қаланың коммуналдық шаруашылықтарының жедел және жөндеу персоналының, сондай-ақ Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының жеке құрамының тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылды.

ҚЫСҚА...

- Парламент Елбасы туралы Конституциялық заңның күшін жойды.
- Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Алматыдағы ЖЭО жұмысын тексерді.
- Қазақстан Германияға 300 мың тонна мұнай экспорттайды.
- «Қазақстан халқына» қоры 130 азаматты қымбат дәрімен қамтамасыз етті.
- Халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл пайда болады.
- 2022 жылы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан 1,2 млн адам жалпы сомасы шамамен 441 млрд теңгеге әлеуметтік төлемдер алды.
- Дала билеушілерінің дипломатиясына арналған еңбек жарыққа шықты.
- Балағат сөздерге салынатын айыппұл нормасы түсіндірілді.
- Ұлттық банк базалық мөлшерлемені 16,75% деңгейінде сақтап қалды.
- Қазақстан құрамасы АҚШ-та өтіп жатқан XXXI Дүниежүзілік қысқы Универсиаданы жеңіспен бастады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

5



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысына Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия материалдарының негізінде дайындалған көптомдық таныстырылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның жұмысы туралы есебін тыңдады. Мемлекеттік комиссияның қызметі ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағытталған. Белгілі ғалымдар мен сарапшылардан құрылған комиссия мүшелері еліміздің архивтерінде, жабық қорларда ауқымды зерттеулер жүргізді. Құзырлы мемлекеттік органдармен бірлесіп, ведомстволық архивтерді құпиясыздандыруға және қуғын-сүргін құрбандарын ақтауға қатысты жұмыс жүргізіліп жатыр.

Мемлекет басшысына әртүрлі қуғын-сүргін санаттары бойынша құжаттар мен материалдар негізінде құрастырылған 31 томдық құжат таныстырылды.

Биыл да Мемлекеттік комиссия қуғын-сүргін құрбандарының тарихын зерттеу, архив құжаттарын цифрландыру және электронды қорларды қалыптастыру бағытындағы жұмысын жалғастыра береді.

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен жаңа формат бойынша өткен Палата отырысында сенаторлар Парламент Палаталарының бірлескен отырысында конституциялық заң жобасын қарау үшін Палаталардың бірлескен комиссиясының мүшелерін сайлады, бірқатар заңды мақұлдады және депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында Сенат Төрағасы 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Палата жұмысына қатысты өзгерістерге тоқталды. «Конституциялық реформаға сәйкес 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап заң шығару процедурасы өзгертілді. Енді Сенат Мәжіліс қабылдаған заңды мақұлдау немесе мақұлдамау туралы шешім қабылдайды. Қажет жағдайда Сенат белгілі бір бағдарды өзгерту жөнінде ұсыныс енгізе алады. Тағы бір ерекшелік, Палата отырысында заң бойынша баяндаманы бас комитет уәкілеттік берген Сенат депутаты жасайды», – деді Мәулен Әшімбаев.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісін өткізді.

Үкімет тарапынан әлеуметтік саланы нығайту бойынша жүйелі түрде жұмыс жүргізілуде. Әлеуметтік қорғау саласындағы заңнаманы кешенді жетілдіру үшін Әлеуметтік кодекстің жобасы әзірленіп, Мәжіліске енгізілді. Бұл – қазақстандықтардың базалық әлеуметтік құқықтарын белгілейтін және олардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ететін өте маңызды құжат. Үкімет басшысы мемлекеттік қолдауды «Отбасының цифрлық картасы» арқылы проактивті форматқа кезең-кезеңімен ауыстыруды жалғастыру қажеттігін атап өтті. Осыған байланысты барлық мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін жаңа платформамен интеграциялап, мәліметтер базасындағы деректерді өзектендіру жұмыстарын тұрақты бақылауда ұстау тапсырылды.

Тұрақты жұмыс орындарын құруға баса назар аудару қажеттігін айтқан Премьер-Министр жұмыспен қамту орталықтарын трансформациялау бойынша пилоттық жобаны қолдады. Құрылымды жаңартумен қатар, мотивация беретін «нәтиже үшін» еңбекақы төлеу форматына көшу қажет.

Әлихан Смайылов шетелде жұмыс істейтін қазақстандықтардың құқығын қорғауға, «бір терезе» қағидаты бойынша қандастарды қабылдау процесін жетілдіруге, қызметкерлерді кәсіби сертификаттау жүйесін енгізуге, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар мен зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғауға ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті.

■ МИНИСТРЛІК

Сауда және интеграция министрлігінің алқа мәжілісінде орталық мемлекеттік органдар басшыларының, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының, салалық одақтар, қауымдастықтар мен компаниялар өкілдерінің қатысуымен министрліктің 2022 жылғы жұмыс қорытындылары мен алдағы кезеңге арналған жоспарлары талқыланды.

Бұл туралы Primeminister.kz сайтында жарияланды. ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен алқа мәжілісіне қатысушылар ішкі және сыртқы сауданы дамыту, өнеркәсіп кооперациясы және логистика, Ұлттық тауар өткізу жүйесін құру, цифрландыру және шикізаттық емес экспортты дамыту мәселелерін қарады. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа ерекше назар аударылды.

«Халық үшін бұл жұмыстардың маңызы өте зор және ол Мемлекет басшысының ерекше бақылауында. Баға белгілеуге көптеген факторлар әсер етеді, сондықтан делдалдық әрекеттерді анықтап, рұқсат етілген сауда үстемесінің сақталуына мониторинг жүргізу және бағаның негізсіз көтерілу фактілеріне қарсы шараларды күшейту қажет», – деді Үкімет басшысы. Ол сауда аландарын одан әрі жаңғыртудың, заманауи форматтарды енгізудің және жаңа функционалды көкөніс қоймаларын салудың маңызды екенін, Ұлттық тауар өткізу жүйесін құру үлдегі тауарлардың бағасы мен балансын талдаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Бұл сауда процестерін жедел реттеу үшін өте қажет.

■ МИНИСТР

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова өткен жылдың қорытындылары мен алдағы жылға арналған жоспарлар туралы айтып берді, деп хабарлайды мекеменің баспасөз қызметі.

Атмосфералық ауаның экологиялық мониторингінің нәтижелері көрсеткендей, 45 елдімекеннің 10 қаласында ауаның ластану деңгейі жоғары: олар Астана, Алматы, Қарағанды, Теміртау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Өскемен, Жезқазған, Риддер екендігі анықталды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстанның 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы әзірленді. Президент тапсырмаларын орындау үшін жаңа Су кодексімен жұмыс жалғасуда. Бүгінгі күні, кодекс жобасы әзірленіп, мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберілді. Жоба наурызда Парламентке енгізіледі.

Президент бастамасы аясында орман қоры жерлерін көгалдандыру мақсатында 2 млрд ағаш отырғызу жұмыстары жалғасуда. Былтырғы жылы (166 мың гектар алқапқа) 239 млн ағаш отырғызылды. Биылғы жылы (188 мың гектар алқапқа) 409 млн ағаш отырғызу жоспарлануда. Арал теңізінің құрғаған түбіне сексеуіл отырғызу жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Өткен жылы 250 мың гектар жерге фитомелиоративтік жұмыстар жүргізілді. Балық саласын дамыту бойынша З.Сүлейменова балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы іске асырылып жатқанын атап өтті. Президенттің тапсырмасы аясында Каспий теңізінде мемлекеттік табиғи резерват құру жұмыстары жүргізілуде.

● КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢ

ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ
БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

Мәжілістің Баспасөз қызметі хабарлағандай, Парламент палаталарының бірлескен отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңын қабылдады.

Заң жобасын қарау Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтың төрағалығымен екі оқылымда өтті.

Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров баяндамасында 2022 жылы өткен жалпыхалықтық референдумда қазақстандықтардың 77 пайызы Конституцияға өзгерістер енгізуді қолдап, дауыс бергенін еске салды.

«Конституциялық реформа – Тәуелсіздіктің 30-шы жылындағы билік тармағының институттарын нығайтудағы және қоғамда демократияны қалыптастырудағы үлкен қадам. Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Тұңғыш Президент – Елбасының мәртебесі мен өкілеттіктері Республика Конституциясында және конституциялық заңда айқындалатыны туралы норманы кездейтін Конституцияның 46-бабының 4-тармағы алынып тасталды. Терең саяси трансформация кезеңінде Қазақстан демократия мен плюрализмді ұстануды, жеке тұлғаның билікті басып алуына ықпал ететін қандай да бір тетіктерді алып тастау маңызды», – деп атап өткен Ерлан Саиров

Мәжіліс депутаттарының тобы осы заң жобасын халықтың басым көпшілігінің пікірін ескере отырып ұсынғанын айтты.

«Жаңа Қазақстан» депутаттар тобы осы мәселе бойынша Конституциялық сотқа жүгінгеннен кейін Конституциялық Сот «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі туралы» заңның елдің жаңа Конституциясына сәйкес келмеуі туралы шешім шығарды.

– Барлық билікті өз қолына алуға тырысу, Қазақстанның саяси процесінде саяси институттарды монополиялау, тәжірибе көрсеткендей, саяси құндылықтарды құнсыздандырады және мемлекеттің дамуына теріс ықпал етеді. Сондықтан болашақта мұндай олқылықтарға қоғамдық-саяси имунитетті қалыптастырған өте маңызды. Жоғарыда айтылғандарды басшылыққа ала отырып, саяси, құқықтық негіздің жоқтығын ескере отырып, «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның күші жойылды деген Конституциялық заң жобасы ұсынылды», – деді Ерлан Саиров.

Отырыс барысында Парламент Мәжілісі мен Сенатының Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеттерінің төрағалары Арман Қожахметов пен Влади-

мир Волков қосымша баяндама жасады.

Еске сала кетсек, 2023 жылғы 10 қаңтарда Конституциялық Сот қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» заңды сақтауға құқықтық негіздер жоқ екенін мойындай отырып, Конституциядан 46-баптың 4-тармағын және өзге де нормаларды алып тастау туралы нормативтік қаулы қабылдаған болатын. Осыған байланысты аталған заңның күші жойылды.

Қабылданған заңға сәйкес Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының экс-президенті мәртебесіне ие болады. Ол республика Парламенті палаталарының бірлескен отырыстарына, Республика Президенті қызметіне кірісуге арналған салтанатты отырыстарға, мемлекеттік мерекелерге және мемлекет өткізетін өзге де іс-шараларға қатысуға құқылы.

Оның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Республиканың экс-президентінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қолсұғушылық заң бойынша қудаланады. Заңға сәйкес экс-президент пен оның отбасын қамтамасыз ету, оларға қызмет көрсету және қорғау мемлекет есебінен жүзеге асырылады. Оған қазіргі Президенттің лауазымдық жалақысының 80% мөлшерінде өмір бойы зейнетақы тағайындалды. Бұл ретте оның зейнетақысы Республика Президентінің лауазымдық жалақысының өсуін ескере отырып арттырылатын болады. Сондай-ақ, пәтер мен мемлекеттік саяжай жеке меншікке берілмей, қажетті қызмет көрсетумен, жеке күзетпен, жүргізушілері бар жеке автокөлікпен, ел бойынша тегін жол жүрумен, медициналық қызмет көрсетумен және санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етіледі. Президенттің кезінде құрылған жеке мұрағат пен жеке кітапхана оның меншігінде болады.

Бұрынғы президент мәртебесіне ие бола отырып, Нұрсұлтан Назарбаев мемлекетке опасыздық жасау жағдайларын қоспағанда, республика Президентінің өкілеттіктерін орындауға байланысты іс-әрекеттері үшін жауапты болмайды.

Әділет министрі Азамат Есқараевтың айтуынша, заңда бұрынғы президенттің отбасына қолсұғылмаушылық кепілдігі қарастырылмаған. «Бұл отбасы мүшелеріне қатысты емес, тек оған ғана қатысты», – деді А.Есқараев.

«ҚР Тұңғыш Президенті туралы заң» күшін жойғаннан кейін Нұрсұлтан Назарбаев:

- Елбасы атағынан;
- ҚР Президенттігіне сайлану құқығынан;
- Қазақстан халқына Жолдау жасау құқығынан, мемлекеттік органдарға және лауазымды адамдарға мемлекеттік құрылыстың, елдің ішкі және сыртқы саясаты мен қауіпсіздігінің аса маңызды мәселелері бойынша бастамалармен жүгіну міндетінен;
- Ел үшін маңызды мәселелерді талқылау кезінде ҚР Парламенті мен оның палаталарының алдында, Үкімет отырыстарында сөз сөйлеу құқығынан; Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің құрамына кіру құқығынан айырылады.
- Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңесі тарапылады.

Келесі наградалар мен сыйлықтар жойылады:

- «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» ордені;
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының демократия мен әлеуметтік прогресті дамытқаны, халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты нығайтқаны үшін Қазақстан Республикасының Президенті берген жыл сайынғы бейбітшілік пен прогресс Мемлекеттік сыйлығы.

Кепілдіктер алынып тасталады:

- Жеке меншік құқығында және онымен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ олар пайдаланатын тұрғын және қызметтік үй-жайларға, қызметтік көлікке, байланыс құралдарына, хат алмасуға, оларға тиесілі құжаттарға тиесілі мүлікке;
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы қорына және ол құрған өзге де заңды тұлғаларға тиесілі мүлікке;
- Оған жеке меншік құқығымен және онымен бірге тұратын отбасы мүшелеріне тиесілі мүлікке;
- Өзі құрған заңды тұлғалардың мүлкіне;
- Банк құпиясының кепілдігі, банк шоттарына және онымен бірге тұратын отбасы мүшелеріне қолсұғылмаушылық кепілдіктері жойылады.



КӨГАЛДАНДЫРУ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ҚОРҒАЛАДЫ

Алматыда жасыл желекті қорғау ережелері жобасын талқылауға арналған «Дөңгелек үстел» өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жиынға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Серік Әділбаев, Алматы қалалық мәслихатының депутаты Сергей Пономарев, Қоғамдық кеңес төрағасы Борис Жаппаров пен қоғам белсенділері, заңгерлер, экомандар, тілшілер, т.б. қатысты.

ОЛЖАС ЖОЛДЫБАЙ

«Дөңгелек үстел» барысында әртүрлі сала мамандары көгалдандыру бойынша бірқатар өзекті мәселелерге тоқталды. Дәлірек айтқанда, мегаполисте ағаштардың құрып бара жатқандығына байланысты аландырушылық білдірілді. Әр ағаштың биіктігі шамамен 2,5 метр болу керектігі айтылды. Кейінгі экологиялық жағдайларға байланысты бұлбұл, көгершін сияқты құстардың жоғалып бара жатқандығы да сөз болды. Қоғам тарапынан электр желілерінің талдармен шағылысып, бір-біріне тиюі, соның салдарынан туатын келеңсіздік туралы ой-пікір тұлжырымдалды.

«АлматыБасЖоспар» мекемесінде жасыл экономика, мониторинг, реестр, қаулы-қарарлар, аудандардағы көгалдандыру жайында да ұсыныстар өрбіді. Егер қаланың орталығында 1 ағаш кесілсе, 10 тал егу керектігі айтылды. Мұны жүзеге асыру үшін қала орталығынан орын талымай жататындығы талқыланды.

Жиында аталған ережелерді жүзеге

асыру туралы ой-пікірлер айтылды. Сондай-ақ, заңсыз кесілген ағаштар, қоғамдық бақылау, тұрғындардың осы бағыттағы арыз-шағымдары жайлы мәлім етілді.

— Шаһарымызда жасыл желекті қорғау жалғасын табуда. Біздің мақсатымыз қаланы көгалдандыру болып табылады. Ағаштарды жөнсіз кесудің алдын алу да маңызды. Көгалдандыру бойынша ережелер, жоспар — бәрі игі істерге бастайтын қадам, — деді заңгер Ерлан Маркленұлы.

Жиында сонымен қатар, қалада ағаш егу, жасыл желек аумағын үлкейту жағы сөз болды.

— Дендрожоспар мен бас жоспардың арасында айырмашылық бар. Дендрологиялық жоспарға қоғам тарапынан сауалдар бар. Сондықтан қоғамның пікірі маңызды деп санаймыз. Тіпті, қоғамдық тыңдау өткізуге де болады. Бір сөзбен айтсақ, жасыл желекті сақтау үшін саябақтар, арнайы нысандар және т.б. қарастыру көзделуде. Бірақ бұл әзірге жоспар ғана, — деді Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасының басшысы Серік Әділбаев.

Шарада қоғамдық бақылаушылар да өз

ойларын ортаға салды. Көпшілігі жасыл қала, таза ауа, көрікті жасыл аймақ, ыңғайлы орта туралы ұсыныс білдірді.

— Көп жағдайда тұрғындарға қолайлылық жағын ойлау керек. Өйткені, бұл шаһарда әрбір азамат өзін еркін сезінгені абзал. Саябақтарда, арнайы тынығу орындарында жасыл желекті көбейту қажет. Кез келген орында ағаштарды отап, оның орнына кафе, сауда орындарын онды-солды салғанға жай қарап отыра беруге болмайды. Мейлінше сүйікті қаламыздың сұлулығын, әсемдігін, таза ауасын сақтайық, — деп түйді экобелсенді Жанна Нұрсейітова.

Алматы қалалық мәслихатының депутаты Сергей Пономарев ағашты заңсыз жоюға уайымдаушылық білдірді. Оған арнайы жауапкершіліктің болуы керектігін мысалға келтіріп өтті.

— Қаламыздың көгал қорын сақтайық. Өріптестеріміз, дендролог, заңгер, экобелсенділер заңсыз ағаш кесуге жол бермеу жағын талқылады. Осыған қарап тәп-тәуір істер басталғанын аңғарамыз. Себебі, өсімдіктерді сақтау, қорғау, өсіру ол уақыттың талабы деп білеміз, — деді ол.

Отырыста онымен бірге ағаштарды суғару жүйесі, арықтардың жай-күйі, осыған қатысты мәселелерді шешу жолдары қарастырылды.

— Ағаштар отырғызып жатыр. Мұндай игі іс жалғасуда. Мұны оң бағалаймыз. Алып-қосарымыз да бар. Мәселен, суғару жүйесін қалыпқа келтіру керек. Осыны уақыт өткізбей шешейік. Біз көрші ел тәжірибесін де ұмытпайық. Біраз бұрын Ташкентте болдым. Ол жақта жаз мезгілінде күн ыстық. Көлемі, халық саны жағынан Алматыдан 1,5-2 есе үлкен шығар. Бірақ Ташкентте көгал, ыстық күнде көлеңке көп. Олар ауа сапасын қолдан ылғалдандырады. Үлгі алатын-ақ тәжірибе. Біз де қаламызды жасыл желекпен көмкеріп қоя аламыз, — деді Қоғамдық кеңес төрағасы Борис Жаппаров.

Мәселелерді талқылау барысында ұсыныстар мен ой-пікірлер көп айтылды. Аталған салада жұмысты жаңғырту, ағаш отырғызу жайын заманауи кезеңге сай ету керектігін мәлімдеді.

— Жасыл желекті қорғау туралы біршама ойлар айтылды. Бір нәрсеге зер салу керек, яғни жаңа технологияларды қолданайық. Қайда, қалай ағаш егу қажеттігін өлшеп, қарап, қадағалайтын кез келді. Игі істер жалғасын таба бергей, — деді академик Бұлқайыр Мәмбетов.

БРИФИНГ



Алматы – еліміздегі жол активтерінің сапасы ұлттық орталығы жұмысын бастаған алғашқы қалалардың бірі. Аталмыш орталық мегаполистегі жаңа салынған жолдардың сапасын тексеріп, сараптап отыратын бірден-бір мекеме. Мұндағы мамандар мердігерлер жұмысын тексеріп, жолдардың сапалы шығуын талап етеді.

САПА БАҚЫЛАУДА

Жол активтері ұлттық сапа орталығының Алматы филиалы қалай жұмыс істейді?

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұрнағы күні Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Жол активтері ұлттық сапа орталығы» Алматы филиалының 2022 жылдағы атқарылған жұмыс қорытындысы туралы онлайн форматта баспасөз конференциясы өтті. Оған спикер ретінде орталықтың Алматы филиалының директоры Мәулен Әліпов пен материал жөніндегі инженері Ескендір Садығұлов қатысты.

Орталық мамандарының мәліметінше, 2022 жылы кәсіпорын филиалы Алматы қалалық мобильділік басқармасымен жасалған шарттар шеңберінде 473 тексеріс жүргізіліп, нәтижесінде 356 түрлі олқылықтарды анықтаған. Тексеру барысында жол-құрылыс материалдарының 1562 сынамасы іріктеліп алынып, арнайы сынамадан өткеннен кейін олардың 795-і немесе 51%-ы талаптарға сәйкес келмейтіні белгілі болған. Нақтырақ айтсақ, инженерлік коммуникациялар жүргізілгеннен кейінгі асфальтбетон жабынын қалпына келтіру объектілері бойынша 40 тексеріс жүргізіліп, оның ішінде жол-құрылыс материалдарының 109 сынамасы іріктеліп, арнайы тексеруден өткізілген. Нәтижесінде 39 сынама талаптарға сай еместігі анықталған.

«Біз қала құрылысын бақылау басқармаларына нұсқамалар жібердік, олар бойынша 11,18 млн теңге сомасына айыппұл санкциялары түрінде шаралар қабылданды. 1 мердігерлік ұйым лицензиясынан айырылды. Сонымен қатар, техникалық қадағалаудың 2 инженерінің аттестаттары тоқтатылды», — деді М.Әліпов брифинг барысында.

Ал материалдар бойынша ақпараттармен бөліскен инженер Ескендір Садығұловтың айтуынша, 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап «Қаздорлаб» бағдарламалық өнімінің планшеты мен мобильді нұсқасы енгізілген. Бұл құралдар арқылы филиал мамандары жүргізетін зертханалық сынақтардың автоматтандырылған сараптамасын ала алады.

«Планшетке Face ID көмегімен бекітілген сарапшы ғана қол жеткізе алады. Деректерді серверге беру инженердің орналасқан жерін көрсете отырып, онлайн-режимде жүзеге асырылады. Бұл сараптама нәтижелеріне түзетулер енгізу мүмкіндігін болдырмайды», — деді Е.Садығұлов.

Жұмыстың қадағалануы мен ашықтығы объектіге геолокациялық байланыстыру, фото-бейне тіркеу және сараптама процесіне қатысушылардың барлығының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен бекіту арқылы қамтамасыз етілді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл мектептерде
1-4-сыныпқа дейінгі
133 000
алматылық оқушы тегін
ыстық тамақпен қамтамасыз
етіледі



Алматыдағы
Д.А.Қонаев мұражайына
бір жылда
25 000
адам келген



Биыл «Белсенді ұзақ өмір сүру»
орталығының қызметтерімен
230 000
алматылық ардагер
қамтылады



2030 жылға дейін Алматыдағы
700-ден астам
ескі үй сүріледі



Соңғы екі күнде
қала көшелері мен
тротуарларға
3300 тонна
тұз бен құм секілді инертті
материалдар себілді



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АБАЙЛАҢЫЗ, МҰЗ!



Құрметті алматылықтар! Қаламызда ауа температурасының төмендеуіне байланысты көпқабатты тұрғын үйлердің шатырында сүңгі мұздар пайда болуда. Егер үйдің төбесінен сүңгі мұз байқасаңыз, қауіптің алдын алып, уақытылы тазарту үшін үйіңізге қызмет көрсететін басқару органына (МИБ, ПИК, ЖШС, т.б.) хабарласуыңызды сұраймыз.

Қауіпсіздік мақсатында үйдің шетіне, балконға және қардың еруі және сүңгі мұз құлауы мүмкін, т.б.

жерде тұрмаңыз, ескерту таспасымен қоршалған жерді айналып өту керек.

Егер қызмет көрсетуші орган өтінішке құлақ аспаса, Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының +7 (727) 225-14-31 нөміріне, сонымен қатар, төмендегі телефон нөмірлеріне қоңырау шалыңыз.

Жұмыс кестесі: дүйсенбі–жұма; сағат 9.00–18.00-ге дейін.

№	Әкімшілік аудан	ТАӘ	Қызметі	Байланыс телефоны
1	Алатау	Әлі Ғани Базарбайұлы	Коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы	+7 777 823 30 71
2	Алмалы	Айтқанов Руслан Айтқалиұлы	Коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы	+7 771 400 66 66
3	Әуезов	Өкіметов Ерасыл Бақытжанұлы	Коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы	+7 777 002 20 22
4	Бостандық	Ұзақов Диар Төкенұлы	Коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы	+7 700 242 07 66
5	Жетісу	Қалдаров Нұрдаулет	Коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы	+7 700 707 00 78
6	Медеу	Тілеуберді Абай	Коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы	+7 707 415 59 29
7	Наурызбай	Жаңбыров Фархад Маратұлы	Коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы	+7 700 535 10 10
8	Түркісіб	Мәмедина Мөлдір Талғатқызы	Коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманы	+7 700 960 56 60

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚОҚЫС ҮШІН – АЙЫППҰЛ

Алматыдағы өзекті мәселелердің бірі – қоқыс мәселесі. Кейде көппәтерлі тұрғын үйлердің аулаларындағы қоқыс жәшіктерінен тұрмыстағы қолданыстан шыққан қалдықтардың аузы-мұрнынан шығып, төгіліп жатқанын байқап қаламыз. Уақытында тазартылмаған қоқыс халықтың денсаулығы мен өміріне қауіп-қатер тудырып, қоршаған ортадағы тепе-теңдіктің бұзылуына әсер ететіні сөзсіз.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қала билігі шаһардың тазалығы үшін барынша күресіп-ақ жатыр. Қалада табиғи полигондардың картасы жасалған. Әрбір үйден шыққан тұрмыстық қалдықтар үш ауысымда шығарылады, бейнебақылау да орнатылған. Бірақ сонда да қоқыстар тау болып үйіліп, таусылар емес. Мәселен, бізде өздеріне сеніп тапсырылған аумақтардағы заңсыз жиналған қоқыс үйіндісі

үшін аудан әкімдеріне айыппұл салуға құқылы.

Экология департаментінің мәліметінше, 2022 жылы Алматыда 12 рұқсат етілмеген үйінді анықталған. Оның ішінде сегіз сауда нүктесі Медеу ауданында, екеуі Түркісіб ауданында, тағы екеуі Алатау аудандарында орналасқан.

«Департамент үш ауданның әкімдеріне, сондай-ақ Тұрғын үй саясаты басқармасы мен Экология басқармасына хат жолдады. Анықталған үйінділерді жою жөнінде тиісті тапсырмалар берілді. 30 жел-

тоқсандағы жағдай бойынша барлығы 12 үйінді жойылған», – делінген баспасөз хабарламасында.

Бұдан бөлек, жоғарыда аталған әкімдіктердің лауазымды тұлғаларына айыппұлдар салынды. Бұл тізімде Алатау ауданының әкімі де бар.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 344-бабына сәйкес «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу, орналастыру қағидаларын бұзғаны үшін», сондай-ақ «Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу қағидаларын бұзғаны үшін» айыппұл қарастырылған.

«Алатау ауданының әкіміне – 306 300 теңге сомасында; Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің орынбасарына – 153 150 теңге сомасында; Түркісіб ауданы әкімінің орынбасарына – 153 150 теңге сомасында; Медеу аудандық коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысына – 153 150 теңге сомасында айыппұл салынды. Айыппұлдың жалпы сомасы 765 750 теңгені құраған.

Естеріңізге сала кетейік, қоқыс үйіндісі туралы мәлімет «Қазақстан ғарыш сапары» Ұлттық компаниясының көмегімен өндіріс және тұтыну қалдықтарының ғарыштық мониторингі. Сондай-ақ, кең таралған пайдалы қазбаларды заңсыз өндіру кезінде заңсыз қоқыс үйінділері анықталады.

Анықталған қоқыстар геопортал базасына енгізілген. «Қазақстан ғарыш сапары» геосервисінің жұмысы әлі де жалғасуда және ол тұрақты бақылауда, – дейді Алматы қаласы Экология департаментінің қызметкерлері.

Кеше түнде Мыңбаев көшесі, 49 мекенжайында су құбырының жарылуына байланысты сағат 3.40-тан бастап солтүстік бағытта орналасқан көшелерді, әсіресе Әуезов көшесін су басқан. Су Райымбек даңғылына дейін жеткен, ол жерден мүмкіндігінше арық желісіне бұрылып жатыр.

АПАТ САЛДАРЫ ЖОЙЫЛДЫ

Көктайғақтың алдын алу үшін Алматы Тазалық МҚК қызметкерлері жол бойына 18 құмсеппіш көліктің күшімен, тротуарларға 4 тротуар тазалаушы көлікпен көктайғаққа қарсы материал себуге кірісті.

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының мамандары апаттың салдары кешке дейін реттелетінін айтты.

Басқарма өкілдері су басқан

орындарда көктайғақ жабынының пайда болу ықтималдылығын ескере отырып, жүргізушілерді жылдамдықты азайтып, көлік арасындағы арақашықтықты ұлғайтып, апатты жағдайды туындатпас үшін оқыс әрекеттер жасамауға шақырады. Сол себепті, аталған аумақтарды мүмкіндігінше айналып өтуге кеңес береміз.

Жаяу жүргіншілер, тротуарлармен жүргенде сақ болыңыздар!



СУ ЖҮЙЕСІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛЕДІ

Алматының Бостандық ауданындағы бірқатар үйлердің ескі магистральды су құбырының бұзылуына байланысты ажыратылған сүмен жабдықтау жұмыстары бірнеше сағат ішінде қалпына келтірілетін болады.

Өткен түнде диаметрі 600 мм болатын, 50 жылдан астам уақыт бойы пайдаланылып келе жатқан су құбыры учаскелерінің бірінде штаттан тыс жағдай туындады. Оның салдарын қазіргі уақытта «Алматы Су» МҚК апаттық бригадасы қажетті техниканың көмегімен шұғыл түрде жоюда.

Алдын ала мәліметтер бойын-

ша, 1972 жылы пайдалануға берілген су құбырының тозуы апаттың негізгі себебі болып табылады.

«Алматы Су» МҚК мамандары аталған қалалық сектордағы үйлердің тұрғындарынан уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұрайды. Анықтама үшін телефондар: 274-66-66.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЗГИДРОМЕТ

2-3 күннен бергі қатты аяздың ызғары алматылықтарға ырық бермей тұр. Шаһардағы бұл аяз жарты ғасырлық рекордты жаңартты. Дәл осындай үскірік аяз осыдан 54 жыл бұрын болған.

ТЕМПЕРАТУРАЛЫҚ РЕКОРД

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Синоптиктердің мәліметінше, 12 қаңтарда түнде Алматыда екі температуралық рекорд тіркелген.

«Минимум температура «Шымбұлақта» тіркелді. Ол жерде ауа температурасы -27,8 градусқа дейін жетті. Бұған дейін

қаңтардағы аяз 1969 жылы тіркелген болатын, шамамен -27 градус. Сонымен қатар, «Мыңжылқы» метеостанциясында температура рекорды тіркелді. Бұған дейін ол аймақта қаңтарда -32 градус тіркелсе, 12 қаңтарда -32,4 градус болды», – дейді Алматы және Алматы облысы бойынша Қазгидромет филиалының жетекші инженер-сипотигі Дәулет Қисебаев.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

Қылмыс саны азайды

2022 жылдың қорытындысы бойынша қаладағы қылмыс саны азайғаны байқалады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы ашылуы жақсарды. Мас күйінде жасалған заңсыз әрекеттер саны 17,3%-ға, қоғамдық орындарда 4,1%-ға, сондай-ақ шешілмеген және өтелмеген істі болған адамдардың жасаған заңсыз әрекеттерінің саны азайды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Департаменттің жеке құрамы шаһарда тиісті қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, қаладағы қылмысты азайту үшін барлық қажетті шараны қабылдап жатыр. Нәтижесінде тонаумен айналысқан 17 топтың, 65 қарақшылық шабуылдың, 13 көлігін ұрлағандардың, 33 пәтер ұрлығымен айналысқандардың, 20 автокөліктердің ішінен зат ұрлағандардың, 159 қоғамдық орындарда жеке мүлікті ұрлағандардың қылмыстық жолы кесілді», – деді Алматы қалалық Полиция департаментінің басшысы, полиция генерал-майоры Арыстанғани Запбаров.

Зорлау саны 3,4%-ға, пәтерлердегі ұрлық 6,5%-ға, қалта ұрлығы 2,6 есе, көліктің салонынан ұрлық 2,3 есе, ал интернеттегі алаяқтық 28,4%-ға азайды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

САРЫ АЯЗДАН САҚТАНАЙЫҚ!

Қаланың коммуналдық қызметтері аяз кезінде күшейтілген режимде жұмыс істейтін болады

(Басы 1-бетте)

Аязды кезеңде тұтынушыларды тұрақты және үздіксіз электрмен, жылумен, сумен және газбен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін Алматы қаласының энергетика және коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары жоғары дайындық режиміне ауыстырылды.

Мәселен, штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде шұғыл шара қолдану үшін 13–17 қаңтар аралығында жауапты тұлғалардың, қаланың коммуналдық шаруашылықтарының жедел және жөндеу персоналының, сондай-ақ Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының жеке құрамының тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылды. Судын, будын, судың сыртқа шығып жатқаны байқалса немесе құдықтар ашық қалуы анықталған жағдайда, азаматтардан өз бетінше әрекет жасамауды, дереу келесі нөмірлер бойынша коммуналдық қызметтерге хабарласуды сұраймыз:

Жылумен және ыстық сумен жабдықтау: «Алматы жылу желілері» ЖШС +7 (727) 378-06-65 және +7 (727) 378-06-98.

Сумен жабдықтау және кәріз: «Алматы Су» МКК +7 (727) 274-66-66.

Электрмен жабдықтау: «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ +7 (727) 356-99-99 және +7 (727) 399-99-00.

РЭҚ-1: 268-60-71, 268-60-74.

РЭҚ-2: 375-25-44, 375-02-25.

РЭҚ-3: 385-45-27.

РЭҚ-4: 242-65-63.

РЭҚ-5: 375-04-69, 375-28-00.

РЭҚ-6: 272-23-66, 272-24-32.

РЭҚ-7: 268-02-40, 268-02-48.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

СҰРАҚ-ЖАУАП

ШЕТЕЛДІК АВТОКӨЛІКТЕРДІ ЗАҢДАСТЫРУ үшін нені білу керек?

Автоуесқойларды толғандырған осы тақырыптағы сауалдарға ҚР ПМ ӘПК төрағасының міндетін атқарушы Қайсар СҰЛТАНБАЕВ жауап береді

СҰРАҚ: Басқа елде тіркелген автокөлікті есептен шығару қажет пе? Азаматтар автокөліктің есептен шығарылғаны жөнінде қалай біле алады?

ЖАУАП: – Заңдастыру үшін автокөлікті есептен шығару қажет. Біз оны есептен шығарғаннан кейін ғана Қазақстанда тіркеуге қоя аламыз. Бұл – кәдімгі рәсім. Ел ішіндегі автокөліктерді де алып сату кезінде тіркеуден шығарып, сатып алушының атына тіркеуге қойылады. Бұл автокөліктердің тіркеуде тұрғаны не болмаса сол тіркеуден шыққаны туралы ақпаратты білу үшін Қазақстан азаматтарына осы көлік тіркеуде тұрған елге барудың қажеті жоқ. Көп жағдайда сатушылар үшін ол автокөліктердің өз атында тіркеуде болуы тиімсіз. Себебі, сатылып кеткен автокөлік өз атында тіркеуде тұратын болса, ол кісілер салық төлеуге мәжбүр. Осыған байланысты әдетте, бұрынғы иелері автомобиль сатылғаннан кейін өздері өтініш беріп, көлікті есептен шығарады. Осы автокөліктерді тіркеуден шығу фактілерін бүгінгі күнде қашықтан тексеруге техникалық мүмкіндігіміз бар. Кейбір жағдайларда автокөліктерді тіркеуден шығару үшін арнайы сұраулар жіберуге де болады. Айта кету керек, автокөліктердің басқа елдегі тіркеуден шығуы өте маңызды. Өйткені, басқа елде тұрған сол автокөліктерде әртүрлі шектеулер болуы мүмкін. Егер біз оны шетелдік тіркеуден шығармай, Қазақстанда тіркеуге қоятын болсақ, құқықтық мәселелер туындауы ықтимал.

СҰРАҚ: Қандай көліктер кедендік тазартудан өтуі керек?

ЖАУАП: – Кедендік тазартудан Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден әкелінген автомобильдер өтуі тиіс. Бұл жалпы тәртіппен жүзеге асырылатын әдеттегі процедура. Мысалы, біз АҚШ-тан немесе Біріккен Араб Әмірліктерінен автомобильдерді әкелген кезде міндетті түрде автокөлікке



кедендік тазарту жүргіземіз. Сондықтан бұл мәселеде ешқандай өзгеріс жоқ. Қырғызстаннан келген автомобильдерге тоқталатын болсам, Қырғызстан Еуразиялық экономикалық одаққа кіргеніне қарамастан, онда автомобильдер Еуразиялық экономикалық одақ үшін көзделген төмен мөлшерлемелер бойынша кедендік тазартудан өткенін және бұл автомобильдер ішкі тұтынуға арналған көліктер болып саналатынын атап өткен жөн. Осыған байланысты оларды Қазақстанда тіркеу үшін Еуразиялық экономикалық одақтың мөлшерлемелері бойынша кедендік баждар айырмасын қосымша төлеп, толық кедендік тазартудан өту қажет. Әр жағдайда есептеу автомобиль класына байланысты жеке жүргізіледі. Мысалы, орташа есеппен Қырғызстаннан әкелінген Toyota Camry автокөлігіне төленетін кедендік баж мөлшері шамамен 400 мың теңгені құрайды.

СҰРАҚ: 2023 жылғы 12 қаңтарда заңнамалық түзетулер күшіне енді. Осыған сәйкес Қазақстан азаматтары енді автокөлікті шетелдік есепке ала отырып, автосақтандыруды рәсімдей алмайды. Автокөлікті 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелген азаматтарға не істеу қажет? Заңдастыру әлі басталған жоқ, бірақ сақтандыруға тыйым салынуда?

ЖАУАП: – Қазақстан азаматтары 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген

автомобильдерге автосақтандыруды заңдастыру аяқталған күнге дейін, яғни 2023 жылғы 1 шілдеге дейін рәсімдей алады. Себебі, бұл автомобильдер қазір Қазақстанда заңдастыруға және тіркеуге жататын мәртебеде. 2022 жылдың 1 қыркүйегінен кейін әкелінген автомобильдерді сақтандыру полистері арқылы қолдану сол полисте көрсетілген мерзімге дейін жарамды. Ал мерзімі өткеннен кейін жалпы негізде тіркеуі қажет немесе оларды республикадан тыс елдерге шығару керек.

СҰРАҚ: Көлік құралдарына ресми құжаттары жоқ автоконструкторлардың иелері не істеуі керек?

ЖАУАП: – Біріншіден, олар бұрын да заңсыз пайдаланылғанын атап өткен жөн. Аталған автомобильдер Қазақстанға қосалқы бөлшектер түрінде әкелінген, кедендік тазартудан өтпеген. Әдетте, оларды бөлшектеп сату үшін әкеледі. Екіншіден, осындай автомобильдер Қазақстанда көршілес мемлекеттерде берілген жалған техпаспорттар мен жалған мемлекеттік нөмірлер бойынша пайдаланылады. Мұндай автомобильдер заңдастырылмайды. Нәтижесінде олар Қазақстаннан тыс жерге шығарылып немесе бөлшектеп сатылуы қажет.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР ПМ интернет-ресурсы).

«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ»



Кәсіпкерлік жөнінде кеңес берілді

Аманат партиясының Алматы қалалық филиалында 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында «Ашық есік күні» өтті.



Досбол
АТАЖАН

Аманат партиясы Алматы қалалық филиалының атқарушы хатшысының орынбасары Эльмира Омарованың айтуынша, іс-шара халықты республикалық және өңірлік бағдарламалармен таныстыру мақсатында ұйымдастырылды.

Аманат партиясының Халыққа көмек партиялық жобасы аясында, сонымен қатар күні кеше партия төрағасы Ерлан Жақанұлы айтып өткен бастамаға сәйкес тұрғындарға қаржылық және құқықтық мәселелер бойынша кеңестер беріледі. Мемлекеттен кәсіпкерлікті қолдау мақсатында бөлінетін қаржылық қолдаулар, оның ішінде республикалық және өңірлік бағдарламалар бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралармен халықты таныстыру, жан-жақты түсіндіру бағытында ұйымдастырылып отыр. Шарада Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар, Әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту басқармалары, «Даму», «Қолдау», «Атамекен», «Алматы Финанс», «Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» және өзге өкілдер халықпен кездесуде, – деді Э.Омарова.

Ал «Ашық есік күніне» келген Нұртай Нұрмахамбетов өз сұрағына жауап таба алғанын айтады.

«Мен жеке кәсіпкермін, Алматы маңындағы Кемертозан ауылында шағын шаруашылығым бар. Маған телефон арқылы осы жерде ашық есік күні өтіп, кәсіпкерлік консультация алуға болады деген хабарлама келді. Бүгін келіп, өз сұрағымды қойдым. Микроқаржылық ұйымдар бар екен, олар 6 миллионға дейін 12%-дық кепілсіз қарыз береді екен. Менің шаруашылығымды кеңейту үшін бұл тамаша мүмкіндік», – деді ол.

Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының өкілі Әділ Жанкиннің айтуынша, кәсіпкерлік гранттарды жеңіп алудың басты талабы – жобаның инновациялық болуы. Сондай-ақ, ол Алматыда 5 бірдей кәсіпкерлерді қолдауға арналған бағдарлама бар екенін айтты.

«Біздің мақсатымыз – кәсіпкерлерге мемлекеттік және Алматыда кәсіпкерлікті дамыту бойынша өңірлік бағдарламаларды түсіндіру. Мегполисте 5 бағдарлама бар. Оның 3-еуі мемлекеттік және 2-еуі қалалық «Almaty Business-2025» және «Жаңа бизнес» бағдарламалары. Жалпы, 2022 жылы әртүрлі Ұлттық бағдарламаларға 48,1 млрд теңге ақша бөлінді. 3000-ға жуық жоба қаржыландырылды», – деді Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы Жеке кәсіпті дамыту бойынша бөлім басшысы Әділ Жанкин.



ЖАҢА РЕКОРД

«АВАТАР: СУ ЖОЛЫ»

фильмінің қазақ тіліне аударылған туындысы 72 миллион теңгеден аса қаржы жинады.
Оны 43 мыңнан аса көрермен тамашалаған

Қоғамда қазақ тілінің мәртебесі туралы айтылып жүргеніне біраз болды. Десе де, мемлекеттік тіл іс жүзінде әлі де қолданыс тіліне айнала қойған жоқ. Оның айқын дәлелі ретінде кинотеатрлардағы фильмдердің басым көпшілігі орыс тілінде көрсетілетінін айта аламыз. Өзі орыс тілінде түсірілген отандық фильмдерді айтпағанда, шетелден келетін кинотуындылардың түгелдей дерлігі тек орыс тіліне аударылып, прокатқа шығады.



Досбол
АТАЖАН

Біраз жыл бойы біз шетелдік, әсіресе голливудтік фильмдерді Ресей арқылы осы елдің дайын дубляжымен алып отырдық. Дегенмен, геосаяси жағдайларға байланысты солтүстік көршімізге санкциялар салынып, қанша жылдан бері қалыптасқан бұл үрдіс бір-ақ күнде тоқтады. Көп ұзамай тиісті органдар Universal Pictures, Warner Bros, Paramount Pictures сынды кинокомпаниялармен тікелей байланыс орнатып, фильмдер өз елімізде жасалған дыбыстау арқылы көрсетілетін болды. Алайда, кинотуындылардың аударылатын тілі өзгеріссіз қалды. Әрине, өткен жылы ешбір голливудтік фильм мемлекеттік тілге аударылған жоқ дей алмаймыз. Қайта көрсетілімге шыққан алғашқы «Аватар», оның «Аватар: су жолы» аталған жалғасы және «Қара қабылан: Ваканда жаса-сын» фильмдері қазақ тілінде дыбысталды. Бірақ жылына 20–30 шақты кинотуындының тек үшеуіне дубляж жасалуы көңіл қуантарлық жағдай емес.

Осы күнге дейін отандық кинотеатрлар қазақтілді киноға адамдардың аз баратынын, сондықтан дубляжға кеткен шығынның ақталмайтынын айтып жүрді. Алайда, көрсетілімі желтоқсан айынан басталып, қазірге дейін жалғасып келе жатқан «Аватар: су жолы» фильмінің қазақша нұсқасы касса бойынша жаңа рекорд орнатты. Джеймс Кэмеронның қазақ тіліне аударылған туындысы 72 миллион теңгеден аса қаржы жинады. Мемлекеттік тілдегі сеанстарды барлығы 43 мыңнан аса көрермен тамашалаған. Бұл фактілер қазақша контентке, қазақша киноға сұраныстың артқанын айқын көрсетеді.

Жалпы, қазіргі Қазақстан қоғамында қазақтілді тұтынушылардың, қазақ тілді көрермендердің қуаты артып келеді. Мысалы, өткен жылы қазақ тіліне қатысты теріс пікір білдірген Рамил Мухоряповтың сөздері қоғамда үлкен резонанс тудырып, қазақтың қыз-жігіттері Chosofamily Holding компаниясының өнімдерін пайдаланудан бас тартты. Нәтижесінде компания құрылғаннан бері бірде-бір рет мемлекеттік тілде ақпарат таратпаған Chosofamily Holding әлеуметтік желілерін қазақ тілінде жүргізсе, Рамил қазақ тілінде кешірім сұрап әлек болды. Демек, ендігі кезде кинотеатрлар қазақтіліндегі сеанс қызығушылық тудырмайды деп ақтала алмайды.

Тағы бір айта кететін жайт – қазақ тілінде дубляждалған фильмдердің кинотеатрларда көрсетілетін уақыты мен жиілігі. Фильмді прокаттаушылар кинотуындыға қазақша дыбыстау жүргізілген күннің өзінде оларды көрермендер келе бермейтін уақыттарға не өте аз көлемде қойып қояды. Бұл жағдайды біз өзіміз тексеріп көрдік. Kino.kz сайтында Алматының кинотеатрларындағы «Аватар: су жолы» фильміне таңғы 10.20-дан түнгі 00.20-ға дейін барлығы 52 сеанс ұсынылса, оның екеуі ғана қазақ тілінде екен. Бірі түскі 13.00-ге қойылған, енді бірі көпшілік бара бермейтін IMAX залға 19.40 уақытында көрсетіледі деп жоспарланған. Яғни көрермен қазақ тілінде сүйікті фильмін көргісі келсе, бар жұмысын тастап, осы екі уақытқа ыңғайлануы керек. Одан қалса, алыс-жақын жолға қарамай, мемлекеттік тілде көрсететін кинотеатрды тауып, оған арнайы баруы керек. Бұл – мемлекет тарапынан бақылауды талап ететін мәселе. Өйткені, біздің



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Назерке МАСЕК,
қала тұрғыны:

«Кино қазақша,
кіре бересіз бе?»
деп үш рет сұрады

Мен өзіме қызық болған фильмдердің бәрін қазақша көруге тырысамын. Мысалы, кезінде «Soul» мультфильмі шыққанда қазақша дубляжы шығуын күтіп, содан кейін ғана барғанмын. Осы жолы «Аватарда» да солай болды. Көремін дейтін адамға қазақша аударма бар, бірақ мұнда бірнеше мәселе де туындайды.

1. Қазақша дубляж салыстырмалы түрде өте аз беріледі. Мысалы, «Аватардың» бір күнгі көрсетілімінде 3 немесе 4 ғана қазақша нұсқа болды. Басында одан да аз болған.

2. Қазақша көрсетілім уақыттары – түске дейін немесе түскі уақыттар. Ал кешкі 17.00–20.00 арасындағы сеанстарда бір рет болсын қазақша нұсқаның тұрғанын әлі көрмедім.

3. Осы жолы «Аватардың» әдейі қазақшасына барғанымда, кассадағы қыз менен үш қайталап «Бұл қазақша нұсқа, кіре бересіз бе?» деп сұрады. Соған қарағанда, кинотеатр әкімшілігі қазақша дубляждардың көрермен жинайтынына күмән келтіретін сияқты.

Ал қазақша дубляждың сапасына толық көңілім толады. Әрі біздің дубляж актерлерінің дауысына, эмоция беруіне қызығамын. Сол үшін де аударылған атақты фильмдердің қазақшасына барамын және басқаларға да ұсынамын.

айтып отырғанымыз шектен тыс ұлтшылдық емес, қарапайым қазақтілді көрермендердің құқығын қорғау. Айтылған мәселе бойынша тиісті заңнама қарастырылып, оның сақталуы қатаң қадағалануы керек.

Шетелдік фильмдерді қазақшаландыру туралы айтқанда айналып өте алмайтын тағы бір мәселе бар. Ол – қазақ тіліндегі субтитрлер. 2019 жылдан бері прокатқа шыққан кинофильмдерге мемлекеттік тілде субтитрлер қосылып келеді. Дегенмен, олардың мағыналық сапасы сын көтермейді. Бұл

жағдайға қанша рет өзіміз де куәгер болдық. Қазақ тіліндегі дубляж болмағандықтан, орыс тілінде дыбысталған киноға кіргенде қазақша субтитрлерді көріп жағанды ұстайсың. Құлды бір ғаламтордағы аудармашымен жасалғандай, тура мағынада не орынсыз сөздер жиі кездеседі. Бұл мәселе бізге дейін де талай көтерілді, бірақ жауапты мекемелер айтылған шағымға құлақ аса қоймады. Мәдениет, оның ішінде кино саласына жауапты органдарды сауатты субтитрлер болуын бақылауға тағы бір рет шақырамыз.

Гүлдана
НҰРСАПА,
көрермен:

Қазақша
дубляж
қатты
ұнады

«Аватар: су жолы» көркем фильміне дүйсенбі күні бардым. Оның алдында

сенбі күні барып, сеанс болмағасын кетіп қалғанмын. Дүйсенбі жұмыс күні болғандықтан билет те, сеанс та болды. Бірақ зал толықтай толмады.

Оның үстіне фильмнің қазақша дыбысталғанына кірдім. Көрермендер арасында қазақтілді болғандықтан билетті алмай жатқандары да болды. Арнайы орысша нұсқасына билет алып жатты. Байқауымша, қазақ тілін жатырқайтындар көп. Өзіме қазақша дубляж қатты ұнады. Фильмге келетін болсақ, жалпы өте жақсы кино. Фантастиканы қатты жақсы көрсен, ең оңтайлы көркем фильм. Ұнамаған жері фильмде экшн көп.




P.S. Қазір қазақ отбасыларында балалардың тілі орыс не ағылшын тілінде шығатын жағдайлар көбейді. Ең қызығы, әкесі де анасы да қазақша сөйлейді. Мамандардың айтуынша, баланың тілі өзге тілде шығуына оның қолындағы ұялы телефонын көргені әсер етеді. Демек, еліміздің болашағына айналатын балаларымыз туа бітті өзге тілде сөйлеп кетпес үшін қазақтілді контентті көбейткен жөн. Оның ішінде кино саласын ерекше айтып өтеміз. Көрермен неғұрлым өзінің сүйікті кейіпкерлерін қазақ тілінде көрсе, өз тіліне құрметі мен қызығушылығы соғұрлым артатыны сөзсіз.



ТАҒЫМ

ҰЛЫ ТҮЛҒА ҰЛАҒАТЫ

Алматыда Дінмұхамед Қонаевтың 111 жылдығы аталып өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

құрмет көрсету үшін келгендеріңіз үшін сіздерге зор алғыс айтамын», – деді Эльдар Қонаев.

Мемлекет қайраткерінің 111 жылдығына арналған іс-шараның мақсаты – оның ел экономикасы мен саяси аренадағы рөлін ұрпақтан-ұрпаққа насихаттау және дәріптеу. Оның өмірі мен көп қырлы қызметі Қазақстанның ұлы дәуірінің символына айналды.

«Біз жас болсақ та, Д.А.Қонаевтың ұлына жасаған қызметінен хабарымыз бар. Бүгін группаластарыммен бірге гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етіп, мұражай-үйін аралап шықтық. Бізге өте қатты ұнады. Атамыздың оқыған кітаптарын, демалған орындығын, асханасын көріп қайттық. Бірге 30 жылдай қызметтес болған адамдардың әңгімелерін естіп, біз де жадырап қалдық. Болашақта атамыз секілді елге еңбегі сіңген азамат болсақ деген арманым бар», – дейді ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясының 4-курс курстанты, сержант Әділбек Қапаров.

Қонаевтың шынайы тұлғасын ашуға, яғни оны қарапайым тұлға ретінде көрсетуге мұражай үйі үлкен мүмкіндік береді. Бұл орын Қонаевты тек мемлекет қайраткері ретінде ғана емес, шынайы өмірде болған тұлға ретінде де ашып көрсетті десек, артық айтпағанымыз болар.

«Мұнда сақталған жәдігерлер Дінмұхамед Ахметұлының дүние-мүлікке қызықпайтын қарапайым адам болғанын, оның қарапайым тіршілігін, қалай демалып, нендей дүниеге қызығушылық білдіретінін аңғартады. Мұражай бұл өткен тарихымызбен таныстыратын орын әрі өңгелі өмірдің нағыз куәгері», – дейді мұражай меңгерушісі Елена Кубашева.

Аталмыш іс-шараға Д.А.Қонаевтың қызметтес ізбасарлары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, соғыс және еңбек ардагерлері, туған-туыстары, БАК өкілдері, қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.



АҚТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Мен Д.А.Қонаевпен бірге жұмыс жасаған бақытты адамдардың бірімін. Зейнетке шыққан кезінде ағамызбен етене араластым. Ол кісінің адамгершілігі мен еңбекқорлығына қарап қай кезде болсын тамсанатын едік. Зейнет жасына шықса да, еліне еңбек етіп, болашақ ұрпаққа өшпес із қалдырған болатын. Ол кісінің жарқын бейнесі, қажымас қайраты ұрпақ жадында мәңгі сақтала-

(Басы 1-бетте)

рына сенімдіміз. Бүгін міне, жастар да іс-шараға қатысып, өздерінің жүрекжарды тілектерін арнауда. Д.А.Қонаев ел үшін өлшеусіз еңбек еткен ерен тұлға десек, артық айтпағанымыз болар», – дейді Қазақстан Журналистика академиясының вице-президенті Валерий Жандәулетов.

Өткен 2022 жыл Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналған жыл болды. Бұл туралы Қонаев қорының президенті Эльдар Қонаев айтты.

«Өткен жылы халықтың ұсынысымен, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бұрынғы Қапшағай қаласына Дінмұхамед Қонаевтың есімі берілді. Осы

оқиғадан соң еліміздің көп өңірінде Қонаевқа құрмет көрсетіліп, ескерткіш қойылып, ұлы тұлғаның есімі ұлықтала бастады. Осылайша тарихи әділдік орнады. Биылғы жылды да Д.Қонаевтың 111 жылдығымен бастап отырмыз. Бүгін тек Алматыда ғана емес, сонымен бірге еліміздің әр өңірінде айтулы шараға байланысты іс-шара өтіп жатыр. Басты мақсат – Дінмұхамед Қонаевтың есімін оны көрген, таныған, қазіргі уақытта азайып жатқан замандастарына ғана емес, кейінгі жастарға да үлгі ету, жадында жаңғырту. Себебі, бұл тұлғаның еліміздің дамуына қосқан үлесі өлшеусіз. Бүгінгі аязға қарамай ұлы тұлғаға

МҰРАТ ӘУЕЗ – 80

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында мемлекет және қоғам қайраткері, мәдениеттанушы-ғалым, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мұрат Мұхтарұлы Әуездің 80 жылдық мерейтойына арналған «Өткірдің жүзі» атты кездесу өтті.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мерейтой иесіне осынау кешін ұйымдастыруға мегаполистегі Республика сарайынан бастап, түрлі іргелі мәдениет ошақтары, театр, филармония ғимараттары ұсынылған екен. Бірақ ұлының ұлы «мен үшін кітапханадан асқан киелі орын жоқ» деп осы үйді тандаған көрінеді.

Иә, кеше парасат пен руханият ұйыған еңселі кітапханаға бейне Қазақстанның бүкіл интеллигенциясы жиналғандай әсерде болдық. Рухани кеште мерейтой иесіне тілекші жандардың көп болғаны соншалық, жартысы тікесінен тік тұрып тындады барлық лебіз-тілекті.

Мерейтой иесін Астанадан арнайы келіп құттықтаған ҚР Ақпарат және даму министрі Асхат Оралов:

– Кешегі Алаш арыстарының аманатын ауырсынбай арқа-лаған, ел мен жерге деген шексіз махаббатты ту еткен Мұрат Мұхтарұлы жайлы қалай айтсақ та жарасады. Түбі бір түркі әлеміне ортақ тұлға «Жас тұлпар» ұйымында қабырға газетін шығарудан бастап, қабырғалы қайраткерге айналғанға дейін тыным таппады. Қазірдің өзінде қолыңыздан қаламыңызды түсірмей, жас ұрпаққа рухани мәдениетімізді танытуда, ұлт мұрасын зерттеп, зерделеуде атқарып жатқан істеріңіз аз емес. Келешек жас буын сізді ділмәр дипломат, терең пәлсапашы, ірі мәдениет қайраткері деп тануы қажет. Өңгелі өмір жолыңыз өскелең ұрпаққа темірқазық болғай дейміз. Біз өз кезегімізде сол сіздер салған тағылымды жолмен жүріп, жарқын болашаққа айқын бағыт ұстауымыз керек. Аса қадірлі Мұрат Мұхтарұлы, сізге барша игілікті тілей отырып, әлі де халық қазынасын молайта беріңіз, ұлтымыздың ұстынына айналған биік тұлғаныз ешқашан аласармасын дегім келеді, – деп, жылы лебізін білдіріп, мерейтой иесінің иығына шапан жапты.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың арнайы құттықтауын жеткізген қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев та Мұрат Мұхтарұлының иығына оқалы шапан жауып, гүл шоғын ұсынды.

Олжас Сүлейменов, Марат Сембин, Смағұл Елубай, Төрегелді Шарманов сынды замандастары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қаламгерлер сөз сөйлеп, осыдан тура 60 жыл бұрын «Жас тұлпардың» жалына жармасқан 20 жастағы

«ӨТКІРДІН ЖҮЗІ»

Қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге, сақтауға және жаңғыртуға орасан зор үлес қосқан Алаш ардақтысына құрмет көрсетілді



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

жалынды жігіттің 80-нің сенгіріне шыққанға дейінгі әрбір қадамынан, бел-белесінен, күрескерлікке толы өмірінен қызықты естеліктер айтты. Сонау Абай мен Ақтөбе облыстарынан арнайы құттықтай келген өкілдер де қазақтың Мұрат Әуездей ұлына шапан кигізді. Сондай-ақ, «Абай ауданының Құрметті азаматы» атағы салтанатты түрде табысталды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры Бақытжамал Оспанованың ерекше естелігіне де жиналған жұрт қол соқты.

– Мұрат Мұхтарұлы біздің кітапхананы біраз жыл басқарды. Сонда таңертең жұмысқа, есіктен кіріп келе жатып ең бірінші осы қарашаңыраққа басын иіп сәлем беретін. Сосын есік аузында жүрген қарапайым еңбек адамының, яғни әріректе еден жуып жүрген кісінің жанына барып, амандасып, «сәлеметсің бе, қарғам, жағдайың қалай, балаларың жақсы ма, өсіп жатыр ма?» деп сұрайтын. Сонда бұл неткен қарапайымдылық, биіктік деп таңғалушы едік. Ал еден жуушы әйел мәз болатын, «осы күнге дейін ешкім бұлай бала-шағамыздың жағдайын сұрамапты» деп. Қайраткерлігіне лайықты қаншама рет ірі сыйақылар алды. Сонда Мұрат Мұхтарұлы соның бәрін қалтасына салып алып кеткен жоқ. Осында 300-дей қыз-келіншек жұмыс істейді, соның бәріне таратып беретін, бізді театрға шақыратын. Гүл әкеп сыйлайтын. Шетел-

ге барған сапарларында бәрімізге сыйлық көтеріп келетін. Міне, бекзаттық, мәрттік! – деп ізгі тілегін арнады кітапханашы шәкірті.

Мұрат Әуез Қазақстанның және халқымыздың рухани мәдениетін дамытуға, Орталық Азия халықтарының тарихи-мәдени құндылықтарын зерделеу мен насихаттауға өлшеусіз үлес қосты. «Сорос-Қазақстан» қорының басшысы ретінде білім беру, мәдениет және қоғамды демократияландыру саласындағы бірқатар маңызды орталықаралық жобаларға бас-тамашы болды және жүзеге асырды, қазақ әдебиеті мен Қазақстанның жас шығармашылық күштерінің дамуында да өз қолтаңбасын қалдырды. Сондай-ақ, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға, қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге, сақтауға және жаңғыртуға орасан зор үлес қосты.

Кездесу аясында ҚР Ұлттық кітапханасы қорынан Мұрат Әуездің қызметі мен шығармашылығына арналған «Өткірдің жүзі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Онда 1962 жылдан бастап осы жылға дейін түрлі басылымдарда жарық көрген мақалалары да қойылды. Әр кезеңдерден сыр шертетін фотосуреттер де Мұрат Әуездің бел-белесінің белгісіндей тіл қатып тұр.

Кеш соңында «Жас тұлпардың» гимні шықалды.



● НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

БЕЙӘДЕП ПЕН БЕЙӘДЕТ

жас қыздардың қатыгез әрекеттері
жаға ұстатты

Екі-үш күннен бері әлеуметтік желіде жасөспірім қыздың бір құрбысын тепкілеп, сабап жатқан видеосы кезіп жүр. Оған тағы екі қыз қосылып, төмпештеп, тепкілеп жатыр. Жаға ұстарлық көрініс!



Оқиға Талдықорған қаласындағы (Жетісу облысы) кешкі мектептердің бірінде болған. Агрессия мен анайылыққа толы сол видеодан кейін іле-шала, тап сол қыздардың басқа күндері ішімдік ішіп отырған, екі сөзінің бірі балағатқа толы, жартылай жалаңаш билеп тұрған сәттері тарады. Қарауға тіпті көз ұялады. Жүрек те ауырады. Қазақтың 15-16 жастағы әп-әдемі өрімдей қыздары мұнша неге төмендеп кетті деп жаның шырқырайды-ақ. Бұл оқиғаға әлеуметтік желі қолданушылары тарапынан төмендегідей сарындағы мыңдаған пікір әлі жазылып жатыр:

- «Бұларды қатан режимдегі колонияда ұстап, қоғамдық жұмысқа жегу керек...»;
- «...ТВ тек ойын-күлкі, арзан шоу болса, интернет толған жын-ойнақ болса, үлкендердің өздері бір-бірімен жаға жыртасып жатса, жастар қайдан оңай дейсіз»;
- «Қоғамдық орындарда жастар, оқушылар өте дөрекі, ауыздары боғауыз, қызы да, ұлы да агрессивті. Барлық нәрсе үйдегі ауа райына, тәрбиеге байланысты. Қатыгездік көрген бала – қатыгез, мейірім көрген бала мейірімді болады. Мына видеоны қайдан көре қалып едім деп жүрегім ауырды»;
- «Біздің балалық шақ сонау 70-тің аяғы 80-нің бас кезінде өтті. Онда мұндай төбелес тұрмақ, жаман сөз айтудың өзі үлкен тәрбиесіздікке жататын. Ата-анамызға сөз келтірмеу үшін барлық жағынан жақсы болуға тырысып бақтық»;
- «Алла сақтасын! Қандай келін болады мынадай қыздар? Заман бұзылды ма, адам бұзылды ма? Алла жар болсын! Өке-шешелерін соттау керек, бала тәрбиесіне немқұрайды қарағаны үшін!»;
- «Жас буынның қатыгез әрекеттерін әлеужеліден көріп, жаным түршікті. Бұл қазақы тәрбиенің әлсірегенінің айқын белгісі, ашы жемісі. Біз «Обал болады... Ұят болады... Сауап болады» деген үш тіркеске сыйып кеткен үлкен тәрбиені көріп өскенбіз»;
- «Әжелеріміздің «беттерің ашылмасын» деген ақылында көп мән бар екен ғой»;
- «Бейәдеп сөйлейтін тик-ток, кино толып кетті қазір».

● ТҮЙІН:

Қазақ қызы төбелесіп, бейәдеп сөздер айтпақ тұрмақ, үлкен кісіге тіктеп қарамаған. Қатты дауысы емес, бұрымына таққан шолпысы мен шашбауының сыңғыры ғана естіліп тұратын болған. Әжесі немесе анасы қашан да қызына «қатты жүгірме, оқыс қозғалма, шолпың қатты сыңғырласа сені әдепсіз қыз дейді» дегенді құлағына құйып отырған. Ал киіз үй ішінде өзара оңаша әңгіме-дүкен құрып отырған ерлер жағы сырттан шолпының әлсіз сыңғыры естіле салысымен, дереу сөздерін түзеп, бойларын тіктей қоятын болған.

Әлде қыз тәрбиесінде өзімізден, үлкендерден қателік кетті ме екен?.. Қалай десек те, бұл жағдай бүтіндей бір ұлтқа сын...



● ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ



ЕРТЕРЕК АНЫҚТАЛСА, ЕМГЕ КӨНЕДІ ол үшін скринингтен өткен абзал

Алматылық онкологтар тұрғындарды скринингтен өтуге шақырады. Және бұған бей-жай қарамау керек дейді. Қатерлі ісікті ерте сатысында анықтау бес жылға дейін ұзақ мерзімді ремиссияға қол жеткізуге және толық емдеп жазуға мүмкіндік береді. Бұл туралы Алматы онкологиялық орталығының бас дәрігері Нұрсұлтан Ізбағамбетов айтты.

«Қазіргі уақытта сүт безі обыры, жатыр мойны обырына шалдыққан пациенттердің 70%-дан астамы ем қабылдағаннан кейін бес жылдан да ұзақ өмір сүреді. Ал егер ерте анықталған жағдайда бұл көрсеткіш 90%-дан асып жығылады. Кем дегенде бес жылдық өмір сүру көрсеткіші әр ауру бойынша әртүрлі болып келеді. Бірақ ауру неғұрлым ерте анықталса, соғұрлым жақсы емделетіні анық», – дейді онколог.

Нұрсұлтан Ізбағамбетов бүгінде Алматыда скринингтік зерттеулер диагностикалық компьютерлік томография (КТ), магнитті-резонанстық томография (МРТ), позитронды-эмиссиялық томография (ПЭТ), эндоскопиялық зерттеу, генетикалық тестілеу сынды тағы да басқа заманауи әдістер қолданылатынын да атап өтті.

«Қазақстанда скринингтік тексерулер мемлекеттік бағдарлама болып табылады. Бағдарламаға сүт безі обыры, жатыр мойны обыры, тоқ ішек пен тік ішек обырын ерте анықтауға арналған онкологиялық скрининг түрлері енгізілген. Өйткені, қатерлі ісіктің бұл түрлері халық арасында жиі кездеседі. Скринингтен өту тіркелген емханада міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру арқылы жүргізіледі», – деді Нұрсұлтан Ізбағамбетов.

Алматының №11 қалалық емхана бас дәрігерінің орынбасары Айнаш Әмірқазынованың айтуынша, жыл соңында учаскелік емхана желісі скринингтік тексеруден өтетін контингенттің тізімін қалыптастырады.

«Жаңа жылдан бастап учаскелік медбикелер медициналық ақпараттық бағдарлама арқылы жас ерекшелігіне қарай скринингтен өтетін адамдарды шақырады.

Скринингтен өтетін адамдарды скринингке шақырады. Сондай-ақ, емханада дәрігерге дейінгі тексеру кабинеті бар, медбикелер науқастың жасына сәйкес скрининг туралы хабарлайды. Өкінішке қарай, барлық пациент скринингке келісе бермейді. Мұндай жағдайда медицина қызметкерлері бұл процедураны өтудің маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді», – деді ол.

Қатерлі ісік бастапқыда ешқандай белгі бермейді. Сондықтан белгілі бір жасқа келгенде міндетті түрде скринингтерден өту қажет.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҚЫРМЫЗЫ,
үй шаруасындағы әйел:

ЖАҚСЫ ОЙ ОЙЛАУ КЕРЕК

Менің қатерлі ісікке шалдыққаным бес жылдан асты. Уақытылы ем қабылдап жүрмін, дәрігерлердің айтқандарын екі етпеймін. Ел қатарлы қалыпты өмір сүріп жатырмын. Шыны керек, диагнозы алғашқы естіген күні бір апта жыладым. Үш баламның жәудіреген жанары көз алдыма келгенде, етегім жасқа толып кетті. Өзімді ертең өліп қалатындай сезіндім. Бірінші сыныптағы ұлым жанымға келіп, басымнан сипап, «анашым, жыламашы, әйтпесе менің де жылағым келіп тұр» дегенде барып есімді жидым. Өзімді-өзім қолға алу керектігін түсіндім.

Шыны керек, біз қатерлі ісік дегеннен-ақ бірден шошымыз. Ал ол ертерек анықталса, емге көнеді. Қазір медицина мүмкіндігі жоғары ғой. Өзім таниатын «скринингке шақырып еді, уақытым жоқ, жұмыс» дейтін қыз-келіншектерге «Уақыт табыңдар, скринингтен өтетін едім десен, жұмыс та бір күнге босатады. Ал дертке шалдықсаң, жұмыс істеуге денсаулықты қайдан аласың» деп батырып айтудан жалықпаймын. Сосын тек жақсы ой ойлау керек екен, соны түсіндім. Мені алға жақсы ойларға жетелеуші – балаларым. Күйеуім де қас-қабағымға қарап жүреді. Сондықтан жанымға жақын адамдардың маған деген сүйіспеншілігі үшін мен бұл ауруды жеңуге тиіспін!

● ХҚКО

Құжаттарды алу – ақылы

Биылдан бастап негізгі құжаттарды алудағы мемлекеттік баждар өзгерді.

Жеке басын куәландыратын құжат 16 жасқа толғанда беріледі және міндетті болып табылады. Салық кодексіне сәйкес оны бергені үшін мемлекеттік баж мөлшері қазір 0,2 АЕК, яғни 690 теңгені құрайды. Төлқұжат алу айтарлықтай қымбатқа түседі – 27 600 теңге.

«Бізге Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы ең жиі көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бұ-

рынғыдай – куәліктер мен паспорттар беру. Өткен жылы Алматы қаласы бойынша 368 127 адам осындай құжат алды. Ал осы жылдың алғашқы аптасында Алматы қаласы ХҚКО-тарына 7 мыңға жуық адам жаңа куәлік мен паспорт алу үшін жүгініп үлгерді», – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалының өкілі Жаңыл Әпетова.

Төлқұжат пен жеке куәлікті беру мерзімі өтініш берілген сәттен бастап 15 жұмыс күнінен аспайды, бірақ процесті ақылы түрде бір күн ішінде жеделдету мүмкіндігі бар. Паспорт пен жеке куәліктің жарам-

дылық мерзімі – 10 жыл, содан кейін ауыстыру қажет. Жеке куәліктің мемлекеттік баж төлемі – 690 теңге (0,2 АЕК), ал паспорт – 27 600 теңге (8 АЕК). Жүргізуші куәлігі – 4312 теңге (1,25 АЕК). Неке туралы куәлік төлемі – 3450 теңге (1 АЕК). Қайта беру кезінде – 1725 теңге (0,5 АЕК). Ажырасуға өтініш берген кезде мемлекеттік баж – 6900 теңге (2 АЕК).

Ал туу туралы куәлік тегін беріледі. Бірақ актінің жазбасын өзгерту, толықтыру, түзету және қалпына келтіру кезінде 1725 теңге (0,5 АЕК) төлеу қажет.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

«BAIQA, PIRAMIDA!»

Қаржы пирамидасын анықтайтын
бот іске қосылды



Енді азаматтар кез келген сайттың немесе әлеуметтік желідегі аккаунттың қаржы пирамидасына қатысы бар-жоғын тексере алады. «Telegram желісінде «Baiqa, piramida!» деп аталатын ботқа өзіміздің тексергіміз келген сілтемемізді енгіземіз. Кейін сізге тергеп-тексерілгені туралы хабарлама келеді», – деп түсіндірді Қаржылық мониторинг агенттігі.

Бірқатар елдің заңнамасымен қаржы компаниялары қолданатын жеңіл табыс тәсілі, күдікті мәміле – пирамидалық қаржылық операцияларға тыйым салынған.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫН ӘШКЕРЕЛЕГЕНДЕР

B2B Jewelry пирамидасына алданғандардың 300 млн теңге қаржысын қайтаруға көмектесті

ҚР Қаржы мониторингі агенттігі Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті, Алматы қаласы прокуратурасы үйлестіру кезінде зергерлік дүкендер желісінде жұмыс істеген B2B Jewelry қаржы пирамидасының қызметін ұйымдастырушыларға қатысты тергеуді аяқтады.

Қалалық Экономикалық тергеу департаментінде түсіндірілгендей, Украина мен Ресей Федерациясының азаматтары сатып алу сомасының 104% мөлшерінде ақшаны қайтару кепілдігімен халыққа зергерлік бұйымдарды сатты. Сондай-ақ, тұтынушыларға алтын мен күміске сыйлық сертификаттарын сатып алу ұсынылды. Олар сатып алынған сертификаттың құнына және пирамидаға тартылған адамдардың санына байланысты бір жылға дейін 520% кіріске кепілдік берді.

Қазақстанның барлық өңірінен қаржы пирамидасының салымшыларының жалпы саны 20 мыңнан астам адамды құрады. Бұл қаржы пирамидасының қызметі 2020 жылы тоқтатылды. Оның ұйымдастырушысы 5 жыл ішінде қаржылық қызметпен айналысуға тыйым сала отырып, 6 жыл 8 айға бас бостандығынан айырылды. Қалған қатысушыларға қатысты сот шешімдері әлі шығарылған жоқ.

«Бүгінгі таңда 230 жәбірленуші жалпы сомасы 300 млн теңгеден астам өз салымдарын алды. Залалды өтеу бойынша жұмыс жалғасуда», – деп атап өтті Экономикалық тергеу департаментінің өкілі Мырзахан Жақсылық.

Жинақтарын алаяқтарға сеніп тапсырғандардың бірі – Алматы тұрғыны Абылайхан Абралинов.

«Мен бұл ұйым туралы 2019 жылы білдім. Олардың біздің салымдарымыз үшін бұрын-соңды болмаған пайда ұсынғаны мені, өкінішке қарай, көптеген отандасымызды да ойландырмады. Фин пирамидасын ұйымдастырушылар зергерлік бұйымдарды өз дүкендерінен нарықтық бағадан 2 есе жоғары бағамен сатып алуды ұсынды. Олар мұны бізге, салымшыларға, осылайша инвестор боласыздар деп дәлелдеді. Сонымен қатар, олардан сатып алынған алтын олардың дүкенінде тұрақты төлемдер алудың кепілі деген сылтаумен қалды. Мысалы, 50 мың теңгеге сақина сатып алып, біз 3 ай ішінде 300 пайыздан астамын және сатып алынған алтын бұйымды беруіміз керек еді. Уәде етілген ақшаның орнына алаяқтар бізге қағаз сертификаттарын берді. Басқа ешқандай қолдау көрсетілмеді. Біз ақшамызға қағаз сатып алдық», – деді Абылайхан.

Азаматтар B2B Jewelry фирмасына алдағандарын түсінген кезде қауымдастық құрды. Мессенджерлердегі

чаттың көмегімен бүкіл Қазақстан бойынша осы қаржы пирамидасының басқа құрбандарын іздей бастады. Зардап шеккендердің 2 мың өтінішін жинап, Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментіне жүгінді.

«Қаржы пирамидасының барлық салымшысының атынан осы экономикалық қылмысты жедел және өте адал тергеп-тексергені үшін ҚР ҚКМ қалалық Экономикалық тергеу департаменті қызметкерлеріне зор алғысымызды білдіргім келеді. Алаяқтардың мүлкі 2 млрд 200 млн теңгемен қамалуға алынды. Оның ішінде зардап шеккен азаматтардың 2 тобына ақшасы қайтарылды», – деп қосты Абылайхан Абралинов.

Оңтүстік астананың тағы бір тұрғыны Дина Оңғарбаева B2B Jewelry компаниясының салымшысы болды.

«2020 жылдың қаңтарында өте көп ақша салдым, қаржы пирамидасы жабылғаннан кейін 3 айдан кейін Экономикалық тергеу департаментіне жүгіндім. 2 жыл ішінде тергеу болды. 2022 жылдың желтоқсанында ақшамды қайтарып алдым. Барлық құқық қорғау органдарының, экономикалық тергеу департаментінің қызметкерлеріне ақшаңызды қайтаруға көмектескені үшін алғыс айтқым келеді. Сондай-ақ, тұрғындарға оңай пайда әкелетін күмәнді компанияларға сенбеңіздер дегім келеді», – деді Әйел.

Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің қызметкерлері көп деңгейлі қаржы пирамидаларының жолын кесу жұмыстары үнемі жүргізіліп отыратынын атап өтті. Қаржы пирамидасындағы алаяқтық қиын экономикалық кезеңде жаңбырлы ауа райындағы саңырауқұлақтар сияқты көбейеді.

– Жедел іздестіру іс-шаралары шеңберінде алаяқтық ұйымдар олардың құрылу сатысында таратылады: қаржы пирамидалары белгілері бар сайттар бұғатталады, – деп түсіндірді Мырзахан Жақсылық.

Быттыр Алматыда 8 қаржы пирамидасы жойылды

ҚР Қаржы мониторингі агенттігі Telegram мессенджерінде қазақстандықтарға қаржы пирамидаларына тартатын алаяқтардың әрекеттерінен өздерін қорғауға көмектесетін бот әзірледі. Пайдаланушыға компанияның, ұйымның сайтына, Instagram парақшасына, Vkontakte тобына немесе Telegram арнасына мына форматта сілтеме енгізу жеткілікті <https://internet.zzz.com, ru, kz және т.б.> немесе интернет.zzz.com, ru, KZ және басқалары). Сонымен қатар, Сізге табыс ұсынатын компанияны BSN арқылы тексеру мүмкіндігі бар. Өзірге Telegram мессенджеріндегі бір аккаунттан тәулігіне бес сұрау жіберуге болады.



БРИФИНГ



СУҒА ТҮСУ ҚАУІПСІЗ ЕМЕС!

Алматының құтқарушылары мен дін қызметкері «Крещение» күні суға түсу ережесі туралы айтты

19 қаңтарда Алматыда дәстүрге сай, «Крещение» мерекесі өтеді. Бұл күннің басты салты – мұзды суға түсу. Шұңқырдағы суға қалай дұрыс және ең бастысы қауіпсіз сүңгу керектігі туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды. Спикерлер суға түсуге ресми түрде рұқсат етілген орындарды да атады.

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаменті Азаматтық қорғаныс басқармасы басшысының орынбасары Әнуар Юсупов белгіленбеген жерлерде суға түсуге, жарықтар мен ойықтар болса, мұзға шығуға қатаң тыйым салынғанын еске салды. Рәсімге дейін алкогольді ішуге тыйым салынады. Сондай-ақ, созылмалы аурулары бар немесе суық суға түсуге қарсы көрсетілмдері бар адамдар үшін ойыққа түсуге болмайды. Шомылу орындарында тәртіпті сақтау қажет.

«Алматы қаласының ТЖД жергілікті атқарушы органдармен және Алматы епархиясымен бірлесе отырып, мейрам қарсаңында 9 шомылу орнын белгіледі, онда купельдер жабдықталып, орнатылады. Төтенше жағдайларды болдырмау үшін осы мақсаттарға арналмаған орындарда өз бетінше суға түсуді ұйымдастырмауға шақырамыз. Ашық жерде жабдықталған купель жанында 3 адамнан артық болмауы керек. Шомылу алдында жүзіріп, денені қыздырып, денені жылытып алу керек. Дәрігерлер мен құтқарушылар тұрған жерде суға түсу керек», – деді Ә.Юсупов.

Суға түсуге рұқсат етілген барлық 9 аумақта құтқарушылардың, полиция қызметкерлерінің, республикалық жедел-құтқару жасағының, Апаттар медицинасы және қала медицина қызметкерлерінің орталығының тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылады. Барлық басқа су қоймалары, тау өзендерінде шомылуға тыйым салынады. Брифингке Протоиерей, Қазақстан православие шіркеуінің қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы Александр Суворов қатысып, суға түсуге рұқсат етілген орындарды атады.

ПОЛИЦИЯ

Көлік ұрылары ұсталды

Жаңа жыл қарсаңында олар Алматы қаласы Медеу ауданының тұрғынына тиесілі Toyota Camry 70 көлігін ұрлап кеткен.



«Біздің бөлімше мен арнайы жасақ қызметкерлері Алматыда, сондай-ақ Шығыс Қазақстанда арнайы іс-шараны жүргізді. Риддер қаласында негізгі айыпталушы – 42 жастағы Е. есімді азамат және оның сыбайластарының бірі ұсталды. Ал тағы 2 күдікті Алматыда қолға түсті. Қаскөйлердің ұрланған көлікті Өскеменде жасырғандығы анықталды. Біздің мәлімет бойынша, олар қолайлы сәтті күтіп, көлікті сол жерде сатқысы келген. Қылмыстық іс ҚР ҚК-нің 188-бабы 4-бөлігі бойынша тергелуде», – деді Медеу аудандық Полиция басқармасының басшысы Ілияс Өмірсеріков.

Қылмыс әлемінің «серкесі» бұрын мүлдітік қылмыстар жасағаны үшін 3 рет сотты болған.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ДҮБІРЛІ ДОДА

ҚЫСҚЫ УНИВЕРСИАДА БАСТАЛДЫ



Қысқы Универсиада АҚШ-тың Лэйк-Плэсид қаласында 12–22 қаңтар аралығында өтеді. Осылайша жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар спортшылар бақ сынай бастады.

2023 жылғы Қысқы Универсиадада шайбалы хоккейден Қазақстан студенттер құрамасы алғашқы ойынын Оңтүстік Кореяның командасымен өткізді, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Кездесу барысында қазақстандық хоккейшілер алғашқы болып есеп ашты. Ойынның 14-ші минутында Әли Қасенов мергендік танытты.

Екінші кезең басталғаннан кейін корейлік хоккейшілер таразы басын теңестірсе, 24, 26-шы минуттарда Кирилл Полохов Қазақстан құрамасының басымдығын арттырды. Ал 38-ші минутта қазақстандық Максим Мухаметов қақпаны дәл көздеді. Осылайша қазақстандық хоккейшілер қарсыласынан 5:1 есебімен басым түсті. Біздің хоккейшілер В тобында Оңтүстік Корея, Венгрия, Ұлыбритания, Словакия және АҚШ-пен сынға түседі.

Аталған топта алғашқы турда АҚШ құрамасы Ұлыбритания 18:0 есебімен тізе

бүктірсе, Словакия хоккейшілері Венгриядан 4:0 есебімен басым түсті. Енді еліміздің студенттер құрамасы 13 қаңтарда Венгриямен шеберлік байқасады. Одан кейін 16 қаңтарда Ұлыбритания, 17 қаңтарда Словакия, 18 қаңтарда АҚШ құрамасымен ойнайды. А тобында Жапония Латвиядан 8:3, Чехия Швецияны 7:2, Канада Украинаны 6:1 есебімен жеңді. Қысқы Универсиада АҚШ-тың Лэйк-Плэсид қаласында 12–22 қаңтар аралығында болады.

Қазақстан студенттер құрамасы дүбірлі додаға тоғыз мәрте қатысты. 1995 жылы Испанияның Хака қаласында чемпиондық тұғырға көтерілсе, 1993, 2013, 2015, 2017 жылдарда күміс, 2007 жылы қола медаль иегері атанды.

Еске салсақ, шайбалы хоккейден Қазақстан студенттер құрамасының бас бапкері қызметіне Ғалым Мәмбетәлиев тағайындалды.

ЕЛ НАМЫСЫН 78 СПОРТШЫ ҚОРҒАЙДЫ



АҚШ-тың Лэйк-Плэсид қаласында 2023 жылғы Қысқы Универсиада салтанатты түрде ашылды. Дүбірлі додада ел намысын 78 спортшы қорғайды.

Оның ішінде шаңғымен жарысудан – 14, шорт-тректен – 12, биатлоннан – 9, мәнерлеп сырғанау мен конькимен жүгіруден – 6, сноуборд, тау шаңғысы спорты, тұғырдан секіру мен қоссайыстан – 2, шайбалы хоккейден 23 қазақстандық студент жарыс жолына шығады.

Қазірге дейін қазақстандық спортшылар барлығы 107 медальға ие болды. Олардың 20-сы алтын, 40-ы күміс, 47-сі

қола медаль. Бұл жөнінен жалпы командалық есепте 107 мемлекеттің арасында 35-орында тұр. Көш басында АҚШ, Қытай, Ресей спортшылары келеді.

Универсиада ойындарының тарихы 1924 жылдан бастау алады. Ол 1959 жылға дейін бүкіләлемдік университет ойындары аталып келді. Сол жылдан бастап универсиада болып танылды. Оған қатысу талаптары енгізілді. Ол бойынша 17 жасқа толған және 28 жастан аспаған жігіттер мен қыздар аталмыш ойындарға қатысуға мүмкіндік алады.

Дүбірлі доданы тікелей эфирде көрсету міндетін «Qazsport» телеарнасы өз міндетіне алып отыр.

ВЕЛОСПОРТ

СӘТТІЛІК СЕРІК БОЛҒАЙ!




Еліміздің «Astana Qazaqstan Team» велокомандасы «Тур Даун Андер» көпкүндік жарысына қатысатын құрамын жариялады. Енді нағыз жарыстың көркі қызғалы тұр.

Аталған бәсеке 17–22 қаңтар аралығында Австралияда өтеді. Жарыс барысында қазақстандық команда Дмитрий Груздев (Қазақстан), Мануэле Боаро (Италия), Джанни Москон, Луис Леон Санчес (Испания), Фабио Феллине (Италия), Мартин Лаас (Эстония), Леонардо Бассо (Италия) сынды

велошабандоздарға үміт артады. Шабандоздарымыздың дайындығы тәп-тәуір. Алайда, босаңсуға негіз жоқ. Өйткені, қарсыластар мықты. Былайша айтқанда, бес қарулары сай. Баптары да, бақтары да келіскен. Сондықтан жақсылықтан үміт зор. Жерлестерімізге сәттілік серік болғай!

ХОККЕЙ



ҚХЛ тұрақты чемпионаты аясында өткен матчта елордалық «Барыс» ЦСКА-дан жеңіліп қалды.

«БАРЫС» – «ЦСКА» 2:5

Prosports.kz. дерегінше, кездесу 2:5 есебімен аяқталды. Сөйтіп, сәл ғана басымдықпен, қарсылас құрама басым түсті. Байқағандарыңыздай, есепте аса бір айырмашылық байқалмайды.

Жеңімпаздар қатарында Матвей Гусков, Константин Окулов, Сергей Плотников, Максим Мамин және Антон Слепышев голдың авторы атанды. «Барыс» сапында Сағадеев пен Дмитрий Шевченко бір голдан соқты.

Еске салайық, 14 қаңтарда «Барыс» «Нефтехимик» командасын қабылдайды. «Барыс» (Астана, Қазақстан) – ЦСКА (Мәскеу, Ресей) 2:5 (0:1, 2:2, 0:2)

Шайбалар:

0:1 – 11:37 Гусков (Мингачев, Ярош).

0:2 – 20:29 Окулов (Каменев, Плотников).

1:2 – 21:50 Сағадеев (Михайлис).

2:2 – 29:44 Шевченко (Вей).

2:3 – 36:45 Плотников (Мамин, Провольнев).

2:4 – 48:15 Слепышев (Нестеров, Соркин).

2:5 – 53:25 Мамин (Светлаков, Провольнев).

Қақпашылар: Бояркин – Рейдеборн.

Бұл жолғы сәтсіздік үшін хоккейшілерімізді сөгудің жөні бола қоймас. Бір сөзбен айтқанда, олар бұған дейін талай дүбірлі додада топ жарды. Сол себепті де, жерлестеріміз әлі талай рет жеңіске қол жеткізеді деп сенеміз.

СПАРТАКИАДА

МЕГАПОЛИСТЕ АУҚЫМДЫ ШАРА ӨТЕДІ



Қазақстанның VI жазғы Спартакиада жарыстарының негізгі легі ақпан айында Алматы қаласынан басталады. Осылайша Оңтүстік астана ауқымды шараны қабылдайды.

Inform.kz мәліметінше, Қазақстан Күрес федерациясының баспасөз қызметі таратқан мәліметке сәйкес, биыл еліміздің Алматы, Семей және Талдықорған қалаларында грек-рим, еркін және әйелдер күресі бойынша болатын республикалық жарыстар өтеді.

Федерацияның мәліметінше, 2–8 ақпан аралығында Алматы қаласында Баулан Шолақ спорт сарайында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен Қазақстан Республикасының VI жазғы Спартакиада-сы өтеді. Наурыз айында Абай облысы, Семей қаласында 15–20 жас аралығындағы жастар белдеседі. Сәуір айында Жетісу облысы, Талдықорған қаласында (U17) және (U 23) жас топтары арасында бауландар кездеседі.

– Жергілікті атқарушы органдар, атап айтқанда, дене шынықтыру және спорт басқармалары, жергілікті аккредиттелген федерациялар Қазақстан күрес федерациясының жазғы Спартакиада мен чемпионаттар өткізу туралы ұсыныстарын толық қолдады. Сондай-ақ, республикалық ресми жарыстарды өткізуде жан-жақты қолдау көрсетеді, деп хабарлады ҚКФ баспасөз қызметі.

Сондай-ақ, Қазақстан күрес федерациясы Алматыда 2–8 ақпан аралығында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен Қазақстан Республикасы VI жазғы Спартакиадасының бағдарламасын жариялады.

Бетті әзірлеген
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

**БОС ЖҰМЫС
ОРЫНДАРЫН
ҰСЫНАМЫЗ!****«Қазақфильм» ЖШС-не:**

- кадр жөніндегі инспектор;
- экономист керек.

Тел.: 8 707 775 25 01.

«Тағам» асханалар желісіне:

- кассирлер;
- таратушылар;
- аспаздар;
- жиыстырушы әйел;
- әкімші;
- наубайшылар;
- даяшылар керек.

Тел.: 8 777 537 58 75.

Киров атындағы зауытқа:

- фельдшер;
- аудитор керек.

Тел.: 8 778 058 76 91.

«Алматы электротранска»:

- жүргізуші керек.

Тел.: 8 777 396 65 18

«Наследник» ойын-сауық орталығына:

- бухгалтер;
- жиыстырушы әйел;
- аспаз;
- еден жуушы керек.

Тел.: 8 777 280 39 18.

«TESCO» ЖШС-не:

- сату жөніндегі менеджердің ассистенті керек.

Тел.: 8 777 396 65 18.

«Азия сталь» ЖШС-не:

- сату жөніндегі менеджер керек.

Тел.: 8 777 099 19 56.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Спорт басқармасы «№8 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын бірінші басшысының бос азаматтық қызмет лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Үміткерге қойылатын талаптар: дене шынықтыру және спорт саласы бойынша жоғарғы білімі және профессионалдық дайындығы, бойынша кәсіпорынның профиліне сәйкес басшылық қызметте және мамандығы бойынша 5 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі болуы керек.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының ресми басылымында («Almaty aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттерінде) конкурс өткізу туралы соңғы хабарландыру жарияланған кезден бастап 15 күнтізбелік күні ішінде тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
- 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Өңгімелесуге жіберілген үміткерлер, Алматы қаласы Спорт басқармасында мына мекенжай бойынша өтеді: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 44, 3-қабат.

Анықтама телефоны: 8 (727) 292-41-00.

ПОЛИЦИЯ

Халықаралық іздеудегі топ құрықталды

Алматы полицейлері 10 пәтерге ұрлыққа түскендерді ұстады



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

Жамбыл облысының 2 тұрғыны қаланың Алмалы және Бостандық аудандарында бөтеннің пәтерлеріне кіріп, заттарды ұрлаған. Олардың 10 ұрлыққа қатысы бары анықталды.

«Қаскөйлер стандартты тізбек бойынша әрекет етті. Олар аулаларды аралап, көпқабатты үйлердің терезелері мен кіреберістерін қарап, пәтерде біреудің бар-жоғын тексерді, кіреберіске кіріп, кілт таңдау немесе құлыпты бұзу арқылы пәтерге кіретін есікті ашып, үйдегі құндылығы бар заттардың бәрін алып шықты. Бұл – қолма-қол ақша, шағын техника, әртүрлі зергерлік бұйымдар. Біреуі бөтен адамның үйінде иелік етіп жүргенде, екіншісі көлікте күтіп отырған», – дейді Алматы қалалық ПД Крими-

налдық полиция басқармасының басшысы Қуатбек Науатов.

Бостандық аудандық ПБ КПБ арнайы тобының қызметкерлерімен және полицияның арнайы жасағының көмегімен жедел-ізвестіру іс-шаралары барысында 1996 жылы туған С. есімді азамат және оның серігі 2000 жылғы С. есімді азамат ұсталды.

Ұрлықта пәтерден цифрлық техника мен қаражат жоғалып кетті. Күдіктілер заттай айғақтардан құтылып үлгермеді. Олар ұстау кезінде тәркіленді және қылмыстық іске тартылды. Қазіргі уақытта «қылмыстық дуэттің» мүшелері уақытша ұстау изоляторына қамалды. ҚР ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде.

«Күдіктілердің бұрын да заңға қатысты мәселелері болған. Ал ұсталғандардың бірі Қазақстанның басқа аймақтарында бірқатар ұрлық жасағаны үшін халықаралық іздеуде болған. Қазір екеуінің де жалпы қала аумағында бұрын жасалған осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы тексерілуде», – деді Қуатбек Науатов.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

**«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!**

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және
тұрақты авторларымызбен
әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 11 айға – 6605,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 11 айға – 17825,50 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 11 айға – 4845,50 теңге

**Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

** мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

** бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

** әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**ЕГЕР:**

** құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;*

** құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!*

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
**Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**



КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

ДАЛА ДИПЛОМАТИЯСЫ

Белгілі қытайтанушы ғалым Клара Хафизованың «XVIII–XIX ғасырлардағы дала билеушілері және олардың дипломатиясы» кітабының таныстырылымы өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Кітап таныстырылымы Алматыдағы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтында ұйымдастырылды.

Бұл іс-шара Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының құрылғанына 30 жыл толуына арналған шаралар кешінен бастайды.

Монография Қазақ хандығы билеушілерінің үш ұрпағының екі ғасыр бойы қазақ мемлекеттілігін, аумақтық тұтастығын және ұлттық бірлігін сақтау жолындағы қызметіне арналған. Монографияның авторы – белгілі қытайтанушы, тарих ғылымының докторы, халықаралық қатынастар тарихы, Қытайдың сыртқы саясаты, Орталық Азия және Қазақс-

тан-Қытай қатынастары жөніндегі білікті маман Клара Шайсұлтанқызы Хафизова. Клара Шайсұлтанқызы бірнеше ірі монографиялар мен жинақтардың және де Қытайда, Ресейде, Ауғанстанда, Иранда, Англияда, Украинада, Жапонияда осы елдердің тілдерінде жарияланған көптеген мақалалардың авторы.

Іс-шара Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының директоры Еркін Тұқымовтың алғысөзімен басталды.

– Клара Шайсұлтанқызы аса қиын бағыт – қытайтану саласында еңбек етіп

жүрген нағыз ғалымның қайсарлығының үлгісі. Клара Шайсұлтанқызының жанқиярлық қызметі жас зерттеуші-ғалымдарды тәуелсіз Қазақстанның шығыстану және қытайтану ғылымдарының дамуына үлес қосуға шабыттандырады. Қазақстанда қытайтану мектебі әлі қалыптасу сатысында, сондықтан Клара Шайсұлтанқызының еңбегі секілді әрбір монументалды туындының құны алтынмен бағаланады. Қытайтану – қажетті білім көлемін, құзыреттілік деңгейін, қытай тілін білуді және т.б. ескерілетін күрделі бағыт. Сондықтан бүгінгі таңда ҚСЗИ қытайтану бойынша зерттеулердің бастамашысы болып, осы бағыттың дамуына ықпал етуі маңызды. Себебі, ерте ме, кеш пе, жүйелі мектептің қалыптасары даусыз, – деді институт директоры.

Еске сала кетейік, тұңғыш қытайтанушы қазақ қызы Клара Хафизова «XVIII–XIX ғасырлардағы дала билеушілері және олардың дипломатиясы» кітабын жазумен 50 жылдан бері айналысып жүргенін айтқан болатын.

«Бұл кітап менің жарты ғасырлық Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының тарихына арналған еңбегімнің жемісі. Егер бұрын бұл тақырыпты экономикалық және саяси мәселелер тұрғысынан қарастырсақ, бұл кітап өркениеттік көзқарасқа бағытталған. Қазіргі таңда әлем мұрағаттары ашылып жатыр, түрлі мемлекеттік бағдарламалар бар, соған сәйкес адамдар саяхаттап, бірегей материалдар әкеледі. Өзім аударған көптеген түпнұсқа материалдар да бар. Зерттеу әдісім мынадай: алдымен материалдарды аударып, ашық жариялаймын, содан кейін солардың негізінде өз еңбектерімді жазамын. Сол арқылы біздің зерттеушілер жұмысқа сыни тұрғыдан қарауға мүмкіндік алады. Алайда, бұл аудармаларды жасау өте қиын болды. Себебі, олар көне қытай тілінде жазылған болатын», – дейді Клара Шайсұлтанқызы.

GUINNESS WORLD RECORDS

ЕСТЕ ҚАЛАР ЕРЕКШЕ РЕКОРДТАР

Халқымыз «Естімеген елде көп» деп бекер айтпаса керек. Шынымен де, жер жүзінде көпшілік біле бермейтін ерекше құбылыс, туынды не жан-жануарлар бар. Олардың кейбірі қолдан жасалса, тағы бірі туа бітті табиғатынан дарыған. Бүгінде мұндай ерекше фактілердің біразы Гиннес рекордтар кітабында тіркелген. Біз осы бір ерекше кітапта жазылған ең ерекше рекордтарды қарап көрдік.



Басымен бағындырған

Медеудегі «Денсаулық баспалдағының» шыңына аяқпен шыққанда еңтігіп қалатындар бар. Ал Гиннес рекордтар кітабында енген қытайлық гимнаст Ли Лонглонг біршама баспалдақты баспен бағындырған. Спортшы басымен тік тұрып, 36 баспалдақты біртіндеп басып шыққан. Ли Лонглонгтың ерекше рекорды бейнежазбаға түсірілген, оны ғаламтордан көруге болады.



Қайыққа айналған асқабақ

Өткен жылы АҚШ-тың Небраска штатында ең жаңа әрі ерекше рекордтардың бірі тіркелді. Дуэйн Хансен 60 жасқа толған мерейтойын ерекше атап өткен. Ол салмағы 846 фунт (1865 кг) болатын асқабаққа отырып Миссури өзенінде 38 миль (61 км) жүзіп өткен.

Америкалық рекордшы «Үлкен Бертанын» (қайыққа айналған асқабақ атауы) жалпы есепте 11 сағат өткізген. Мұндай ерекше жетістігі үшін Дуэйн Хансен Гиннес рекордтар кітабында енді.

Ерекше джостик

Киберспорт әлемінде «RockyNoHands» лақап атымен танымал Рокки Стаутенбург әлемдік рекордтар кітабына ерекше джостик арқылы ең көп жеңіске жеткен адам ретінде енген. Ол компьютер ойындарын ауыз арқылы басқаратын джостикпен ойнайды. Себебі, Рокки 2006 жылдан бері мойыннан төмен сал болып қалған. Бұл құрылғыны оған бауыры әкеп берген. Ерекше джостикке үйреніп алған соң, Рокки Battle Royale, PlayerUnknown Battlegrounds (PUBG) және Fortnite сынды ойындарды кәсіби деңгейде ойнай бастаған. Бүгінде оның Fortnite ойынында 500-ден астам жеңісі бар. Ол өз ойындарын тікелей эфирде көрсетеді.



Шымыр шынашақ

Итальяндық Тацио Гавиоли өзінің кішкентай саусағымен темірге үзіліссіз 36 рет тартылған. Оның рекорды 2018 жылы 7 қазан күні ресми тіркелді. Тационың айтуынша, бұл рекордты орнатуға оның мысығы себеп болған.

«Менің алғашқы рекордымды орнатуға мысығым түрткі болды. Ол көлік апаты кезінде бір аяғынан айырылған еді. Кейін оның үш аяқтап ағашқа шыққанын көргенде жүрегім ауыратын. Сондықтан менде оның құрметіне бір қолмен темірге тартыла бастадым. Біраз уақыттан кейін қолдарым күшейіп, шынашақпен тартылатын деңгейге жеттім», – дейді рекорд иесі.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.